

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балалар жазғы лагерінде тәрбие және бейіналды
жұмыстарды ұйымдастыру**

Әдістемелік ұсынымдар

**Организация воспитательной и предпрофильной работы в
детском летнем лагере**

Методические рекомендации

Астана – 2015

Әдістемелік ұсынымдар «Балалар жазғы лагерінде тәрбие және бейіналды жұмыстарды ұйымдастыру» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015., - 175 бет.

Методические рекомендации «Организация воспитательной и предпрофильной работы в детском летнем лагере» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015., - 175 стр.

«Балалар жазғы лагерінде тәрбие және бейіналды жұмыстарды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдары балалардың қызығушылықтарын қанағаттандыру негізінде олардың шығармашылық қабілеттерін ашуды, балалардың эмоциялы-мазмұнды шығармашылығын, белсенді жазғы демалысын ұйымдастыру әдістемесін құрайды. Мектепте жүзеге аспаған позитивті рухани, зияткерлік және қимыл-қозғалыс қажеттіліктері: шығармашылық шеберханалардағы жұмыстар, викториналар, ойын бағдарламалары, спорттық эстафеталар, театрға, кинотеатрға, мұражайға және т.б. бару мен қызығушылықтарын қанағаттандыру негізінде әрбір баланың қабілетін ашатын бейінді ауысымның ойын модельдері ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдары басшыларына, әдіскерлерге, тәлімгерлерге және ата-аналарға ұсынылады.

Методические рекомендации «Организация воспитательной и предпрофильной работы в детском летнем лагере» содержат методики организации активного, творческого эмоционально-насыщенного летнего отдыха детей, раскрытия творческих способностей детей на основе удовлетворения их интересов. Представлены игровые модели профильной смены, раскрывающие способности каждой личности на основе удовлетворения интересов и нереализованных в школе позитивных духовных, интеллектуальных и двигательных потребностей: работа в творческих мастерских, викторины, игровые конкурсные программы, спортивные эстафеты, посещение театров, кинотеатров, музеев и др.

Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, вожатым, педагогам организаций образования и родителям.

***Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)***

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

Кіріспе	5
Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру нысандары мен құрылысын дамытудың мән-жайы, бетбұрысы және келешегі	9
Бейінді лагерінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын ұйымдастыру бағдарламалары және басым бағыттары	12
Азаматтық-ұлтжандылық тәрбие бағдарламалары	30
Көркем-эстетикалық бағыттағы бағдарламалар	36
Зияткерлік дамыту бағдарламалары	39
Бос уақыттың мәдени қызметінің бағдарламасы	48
Бейінді лагерьлерінде жұмысты жоспарлау әдістемесі	51
Топта ойындарды ұйымдастыру әдістемесі	57
Жарыстарды ұйымдастыру әдістемесі	60
Шоу-бағдарламаларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі	64
Қолданылған әдебиеттер	73
1-қосымша. Топ бұрышын безендірудегі ұсынымдар	75
2-қосымша. Байқау, зияткерлік турнирлер мен олимпиада, спорттық жарыстардың бағдарламалары	80
3-қосымша. Балалар сауықтыру лагерінде кіші театр қойылымдары, сахналаулардың сценарийлері	87

Содержание

Введение	95
Состояние, тенденции и перспективы развития форм и видов организации оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей в каникулярный период	99
Приоритетные направления и программы организации отдыха и досуга детей и подростков в профильном лагере	103
Программы гражданско-патриотического воспитания	120
Программы художественно-эстетического направления	126
Программы интеллектуального развития	129
Программы культурно-досуговой деятельности	138
Методика планирования работы профильного лагеря	140
Методика организации игр в отряде	146
Методика организации соревнований	149
Методика организации и проведения шоу-программ	152
Использованная литература	162
Приложение 1. Рекомендации к оформлению отрядного уголка	163
Приложение 2. Программы конкурсов, интеллектуальных турниров и олимпиад, спортивных состязаний	167
Приложение 3. Сценарии театральных мини-постановок, инсценировок в детском оздоровительном лагере	173

Кіріспе

Каникул кезеңі балаларды өмірдің түрлі әлеуметтік тәжірибелерімен, көпшілікке бағалы еңбек пен бос уақыт құндылықтарымен таныстыруға, ұлттық, халықтық, даналық көзінің шыңына шығуға кең мүмкіндіктер туғызады. Бастысы, әрбір бала өзін-өзі бағалауды қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Білім беру бағыттары каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жағдайларында ойын, еңбек, коммуникативтік, танымдық-зерттеушілік, нәтижелілік, көркем-музыкалық қызметінде жүзеге асырылады, ал бұларды ұйымдастырудағы бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыздандырудың орны өте маңызды. Қазіргі таңда тәрбиеші, тәлімгер, қосымша білім беру педагог, әдіскер, жетекші қызметін әдістемелік қамтамасыздандырусыз атқару мүмкін емес.

Балалар жазғы лагерінде тәрбиелік және бейінді жұмыстарды ұйымдастыру – бұл балалардың демалысы мен сауықтыру лагерьлері, мектеп жанындағы алаңдар, аула клубтары мен бірлестіктердің қызметі және оларды жүзеге асыру шаралары құрылымдық жүйе түрінде көрсетілген бағдарлама.

Каникул кезеңінде балалардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың сапалы бағдарламасын әзірлеу – лагерь, жасақ (отряд), бірлестік қызметін ынтымақтастық және жасампаздық қағидаларының негізінде жоспарлауды; балалар демалысын әлеуметтік мағыналы мазмұнмен толықтыруды; рухани құндылықтарды қалыптастыруды, шығармашылық әлеуетін ояту мен дамытуды; сауықтыру демалысы қызметтерінің тиімді түрлерін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қамтамасыздандыру әдістемелік материалдардың түр-түрлерін шығаруға бағытталады. Олар – балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагог қызметкерлердің бос уақытты тиімді пайдалану, көпшілдік-ұйымдастыру, тәрбиелік, ғылыми-эксперименттік, бағдарламалық-әдістемелік қызметтерінің тиімді түрде жүзеге асырылуына ықпалын тигізетін түрлі әдістемелік құралдар.

Балалар сауықтыру және бейінді лагерьлерінде тәрбиелік жұмысты ұйымдастырудың ерекше өзгешелігі оны ұйымдастыру уақыты мен жүзеге асыру орны болып табылады. Балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогтерге (оның ішінде тәлімгерлерге де) балалар мен жасөспірімдердің өміріне, физикалық, психикалық және адамгершілікті денсаулығына, олардың толыққанды демалысы мен дамуына толық жауапкершілік жүктеледі. Лагерьдегі педагогтің (тәлімгердің) қызметін педагог өзінің кәсіби қызмет саласын қаншалықты дұрыс таңдағаны арқылы анықтауға болады: балаларға ашуланбай, оларды қабылдамай қиын жағдайда және ұзақ уақытқа дейін

балалармен қарым-қатынасқа түсе алуы; балалармен қарым-қатынас кезінде ол қаншалықты шыншыл және жауапты, оларға шыдамдылық пен қайырымдылық танытады. Бастысы – лагерьдің әр түрлі жағдайында ол тәрбиелік жұмыс әдістемесін, педагогикалық қарым-қатынасты құру әдістемесін меңгергені. Балалар сауықтыру және бейінді лагерьлерде жазғы демалысты ұйымдастыру балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын жүзеге асыру, тәрбиеленушілердің ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас құрудағы тәжірибені қалыптастыру, әлеуметтендіру үдерісінде рухани құндылықтарға тартуға бағытталған. Каникул кезеңіндегі өзгешелік педагогтерден тәрбие берудің әдістері мен заманауи нысандарын, мектептен тыс уақытта әр түрлі жастағы балалардың бос уақытын ұйымдастыруды меңгеруді талап етеді.

Заманауи балалар сауықтыру лагері – бұл қосымша білім беру ұйымы, оның қызметі тәрбиеленушілердің шығармашылық пен танымға деген ынтасын дамытуға, қосымша білім беру қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған.

Сауықтыру лагері – білім берудің тәрбиелік-сауықтыру ұйымы, ол сауықтырылуды қажет ететін балаларға тәрбие беру бағдарламаларын, балалар мен жастарға қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асырады, сауықтырылуды қажет ететін балалардың лагерьде өмір сүруі мен тамақтануына жағдай жасайды және сауықтырылу мен демалысты ұйымдастыруға жарамды территорияда орналасқан.

Лагерьдегі педагогикалық ұжым **қызметінің мақсаты** – сауықтырылу, демалыс үшін жағдай жасау, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін, балалардың қоршаған ортаны тануы және жаңа білімді, дағдыны қабылдауын, лагерьде тәрбиелік жүйесінің өзгешелігінде табиғатпен, қоғаммен және өз-өзімен үйлесімді өмір сүруді қалыптастыру. Лагерьде балалармен және жасөспірімдермен сауықтыру, тәрбиелік жұмыстарды өткізуге жақсы мүмкіндіктер құрылуы қажет.

Лагерьде ересектер мен балалардың бірге өмір қызметін ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған жүйені құруда педагогикалық қызметтің бағыты арқылы балалар мен жасөспірімдермен сауықтырылу және тәрбиелік жұмыстарды өткізу үшін қолайлы жағдай жасалу керек.

Сауықтыру және бейінді лагерьлердегі тәрбиелік жұмыстардың **негізгі міндеттері:**

- көпмәдени әлемде өмір сүруге үйрену және ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, жалпыадами және ұлттық құндылықтарды меңгеру үшін жағдай жасау;

- тұлғаның мәдени базалық құндылықтарын қалыптастыру, баланың эстетикалық қабілетін дамыту, балалардың еңбек қызметінің мәдениетіне, гендерлік білімді тарату және насихаттауға бағытталған гендерлік тәрбиеге тәрбиелеу;

- балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, құқықтық білім бойынша жұмысты жетілдіру;

- балалар мен жасөспірімдердің қабілеттерін ашу, тәрбиеленушілердің тұлғаға бағытталған маңызды әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыру және олардың белсенділігі мен бастамаларын таныту үшін жағдай жасау;

- балалардың жас ерекшелігін ескере отырып балалар ұжымында позитивті психологиялық көңіл-күйдің фонын құру, психофизикалық, оның қызметінің өзгешелігін дамыту (жас спортшылар, шығармашылық ұжым және т.б.), сауықтыру және бейінді лагерьде тәрбиелік үдерістің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін ұйымдастыру қажет;

- денсаулыққа қатысты құндылық қарым-қатынасын қалыптастыру, балалардың денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау, салауатты өмір салты, гигиеналық мәдениеттің дағдыларын меңгеру және қолдануды нығайту.

Сауықтыру және бейінді лагерьлердегі тәрбиелік жұмыстар үдерісінде тәрбиелік қызметтің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету қажет. Сауықтыру ұйымдарында (жазғы кезеңде балалардың сауықтырылуы үшін базаны ұсынатын лагерьлерде, орталықтарда, бейінді, сауықтыру және санаторлық-курорттық ұйымдарда) тәрбиелік жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыруда төмендегі ерекшеліктерді ескерген жөн:

- уақытша балалар ұжымы жағдайында баланың тұлғалық дамуы жүзеге асырылады;

- арнайы құрылған тәрбиелік орта балалардың жақын әлеуметтік ортасының орнын басады;

- тәрбиелік ықпал жасау жоғары қарқынмен, сондай-ақ монополиялықпен мінезделеді;

- әлеуметтік-территориялық ортаның мүмкіндігін кеңінен қолдану балаларды әлеуметтік тәжірибеге тартуға және әр түрлі шығармашылық қызметке тәрбиеленушілерді араластыру үшін жағдай жасауға ықпалдасады.

Балалар сауықтыру лагерьлерінің қызметтері келесі қағидаттарда негізделеді:

- балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, олардың жеке абыройы мен құқықтарын қорғау;

- жеке қызығушылықтарының, әлеуметтік нормалар мен ұйымдастыру ережелерін сақтай отырып, баланың өзін-өзі жетілдіруі және тұлғалық дамуының басымдылықтары;

- оқу-сауықтыру бағдарламаларына және қарым-қатынастарға адамгершілікті мінез;
- жеке басының мәселелері мен балалардың шиеліністерін құпияда сақтау;
- балалар мен педагогикалық өзін-өзі басқаруды үйлестіруде дара басшылық;
- бағдарламалардың нұсқалығы және оларды жүзеге асырудағы әдістер.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы жағдайында тәрбиелік үрдістің ерекше өзгешілігі оның жүйелігі мен кезеңдігі болып табылады.

**Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің
сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен
қамтылуын ұйымдастыру нысандары мен құрылысын
дамытудың мән-жайы, бетбұрысы және келешегі**

Қазақстандағы қосымша білім беру қазіргі уақытта түрлі үлгідегі қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуда: оқушылар сарайлары (үйлері, кешендері, балалар-жастар шығармашылығы орталықтары және т.б.); жас натуралистер станциялары (балалардың экологиялық, биологиялық орталықтары, экобиоорталықтар); жас техниктер станциялары (балалар мен жастардың техникалық шығармашылығы орталықтары, мектептері); жас туристер станциялары (балалар-жастар туризмінің орталықтары), балалар аула клубтары (басқа клубтық бос уақыт өткізу ұйымдары); балалардың өнер мектептері (балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері, балалар өнер мектептері және басқа да көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер); балалар сауықтыру лагерьлері (орталықтар, кешендер, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлері мен күндізгі лагерьлер) және қызмет бағыттары мен балалардың қызығушылықтары бойынша басқа да ұйымдар.

Каникул кезеңінде білім беру ұйымдары базасында оқушылардың күндізгі лагерьлері жұмыс атқарады, олар қалада қалған балалардың белсенді бос уақытын ұйымдастыруды мақсат тұтады. Педагогтер мектеп жанындағы алаңдарда оқушылармен спорттық, білім беру, танымдық, көңіл көтеретін жұмыстарды жүргізеді. Мәдени-көпшілік іс-шаралар, кинотеатрға саяхаттар және экскурсиялық серуендер өткізіледі.

Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдерді сапалы демалыспен қамту және қосымша біліммен қамтылған бала санын көбейту мәселелерін қаланың мәдени кеңістігі шеңберінде балалардың бос уақытын тұратын жерлерінде ұйымдастыру алаңдарын құру арқылы да шешуге болады.

Бос уақытты ұйымдастыру алаңдары мен аула клубтарының қолайлы орналасуы (мектеп аулаларында, тұрғын үйлер аумағында, спорттық алаңдарда, балалар орталықтарында) балаларының өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігіне ата-аналардың алаңдауын басуға едәуір мүмкіндіктер туғызады.

Аула клубтарының бірегейлігі ұжым құрамының ауыспалылығымен, бос уақытты белсенді пайдалану, қызмет түрлерін ауыстыру, көшбасшылар және өз ауласында, шағын ауданында жолдастары арасында жоғары дәрежеде беделді болып, өздеріне тарта жүріп түрлі қызықты істерге қосатын балаларды ынталандырумен танылады.

Аула клубтары жұмысының маңызды кезеңдері міндетті түрде төмендегілерді қамтуы тиіс: ұштастыруларды құру, «аула» ортасындағы қарым-қатынастарды оңтайландыру, жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін ойындар арқылы, өз мінез-құлқына жеке басты жауапкершілік, құрдастарының арасында шиелініссіз қатынастар дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асыру.

Жоғарыда аталған ұйымдардың арасында жазғы (күзгі, қысқы, көктемгі) сауықтыру лагерінің балалар мен жасөспірімдер үшін айтарлықтай артықшылықтары бар, олардың ең бастылары:

- балалар мен жасөспірімдердің өз ұстаздары – жасақ тәрбиешілері және тәлімгерімен тығыз, сенімділікпен әрекеттесуі;
- табиғи және әлеуметтік ортаның жаратылыс жағдаяттарында салауатты және қауіпсіз өмір салтына қосылуы;
- денсаулығын нығайту және экологиялық мәдениетін көтеруге ықпалын тигізетін табиғатпен белсенді қатынаста болуы;
- өзіне қызықты іспен айналысуына, тәні мен жанын қалпына келтіруге мүмкіндік туғызатын демалыстар, ойын-сауықтар, әр түрлі хоббиердің болуы;
- тұлғасының әлеуетін толығырақ ашуға мүмкіндіктер беретін жаңа дағдыларды қалыптастыруы және дамытуы.

Түрлі үлгідегі жазғы лагерьлерінің жұмыс тәжірибесі көрсеткеніндей, бұл жерлерде балалар: практикалық, шығармашылық, зерттеушілік, қоғамдық, жаңашылдық қызметтері арқылы қарым-қатынас құру, жетістікке жету, көңілінің қалуы, сәттілік пен сәтсіздікке ұшырау сияқты сан алуан әлеуметтік тәжірибесін жинақтайды.

Кез келген жағдайларда түрлі рөлдерді игеру арқылы балалар жаңа ортаны меңгереді, оған бейімделеді, жаңа өмірлік тәжірибелерді бойына сіңіреді.

Қазіргі таңда байқалған өте маңызды беталыс – жергілікті білім беру басқару ұйымдары балалардың демалыс пен сауықтырылуын жазда да, сонымен қатар «кіші демалыс» кезінде де жандандыруда.

Қысқы және жазғы сауықтыру лагерьлері, туған өлкесін зерттеу мақсатындағы жоғары сынып оқушыларының көктемгі-күзгі экологиялық-туристік жорықтары, жаңа жыл мерекелері кезіндегі таза ауада бос уақытын ұйымдастыру бағдарламалары, көктемгі және күзгі демалыстар кезіндегі жастар қозғалысы мен бірлестіктерінің белсенділеріне арналған лагерьлер, жас математиктер, тілтанушылар, экологтар, спортшылар, саяхатшылардың бейінді лагерьлері, түрлі спорттық-туристік жарыстар мен сайыстар балалардың бос уақытын маңызды өткізуге, өмірге қажетті еңбек пен кәсіби дағдыларын қалыптастыруға және денсаулықтарын сауықтыру, қалпына келтіруге елеулі әсер тигізеді.

Балалардың сауықтыру лагері табиғи ортадағы тұрақты база жағдайында немесе шатырлы лагерь түрінде жүзеге асырылады.

Тұрақты лагерь жыл бойы немесе маусымдық ауысымда қызмет атқарады.

Шатырлы лагерь жылжымалы түрде қызмет көрсетеді. Шатырлы лагерьдегі жасак 10-15 баладан құралады.

Лагерьдегі жұмыс тәртібінің мазмұны мен ұйымдастырылуы, орналасуы, құрылуы, санитарлық ережелерінің талаптарына және табиғи-климаттық жағдайларына сай болуы тиіс.

Лагерь басшысы балаларды медициналық көмекпен қамтамасыз етуі тиіс. Медицина қызметкерлерінің жұмысына, лагерьдегі балалардың денсаулығын сақтау және қорғауға қажетті жағдайлар жасалады.

Лагерь орналасқан жердің өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-эпидемиялық мемлекеттік бақылауының қажетті рұқсатнамасы болған жағдайда лагерьдің ашылуы жүзеге асырылады.

Лагерьдегі балалардың дене шынықтыруына, спортпен, туризммен айналасуына, қоршаған орта туралы білімін тереңдетуіне, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуына, қоғамдық-пайдалы еңбекпен айналысуына, толыққанды тамақтануына, мәдени және сауықтыру іс-шараларды өткізуге, экскурсиялар, жорықтар, ойындар, қызығушылықтары бойынша бірлестіктерге бірігуіне жағдайлар жасалады.

Балалар бірлестіктерінің жұмыс кестесін балалардың демалу режимінің жайлы болуын, жас ерекшеліктерін және бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларының сақталуын ескере отырып, лагерь әкімшілігі әзірлейді және бекітеді.

Балаларды лагерьге қабылдаудың жалпы тәртібін құрылтайшы белгілеп, лагерь жарғысымен бекітеді.

Балалармен атқарылатын жұмыс түрлеріне қарай қызмет бағыттары әр түрлі болуы мүмкін:

спорттық-сауықтыру (турнирлер, спорттық ойындар мен сайыстар, мерекелер);

экологиялық-өлкетанушылық (жорықтар, экскурсиялар, рейдтер, десанттар);

зияткерлік-танымдық (викториналар, сұхбаттар, лекторийлер, мәдени-бос уақыт мекемелерге бару, танымал адамдармен кездесу, тренингтер);

көркем-эстетикалық (байқаулар, көрмелер, мерекелер, концерттер, шоу, би кештері, ойындық және көңіл көтеретін танымдық бағдарламалар, «кәдесый бригадасының» жұмысы).

Елімізде соңғы жылдары балалардың демалуын, сауықтырылуын және бос уақытын ұйымдастыруда бірқатар оңтайлы дамытуға бетбұрыстар орын алды. Олар:

демалыстың ұйымдастырылған түрлерімен қамтылған балалар санының өсуі;

балалар демалысын, сауықтыру мен бос уақытын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін бағдарлы-әдістемелік және әдістемелік жолдамасы деңгейінің артуы;

балалардың бос уақытын ұйымдастыру мен қызметіне ата-ана мен қоғамның көңіл бөлуінің күшеюі;

балаларға қосымша білім берудің тәрбиелік құрамдасының күшеюі;

балаларға қосымша білім беру жүйесінің қоғам мен мемлекеттің арнайы саясатының нысаны немесе құрамдас бөлігіне айналуы;

балаларға қосымша білім берудің: құзыреттілікті қалыптастыруға (тұлғалық, әлеуметтік, білімділік, азаматтық, шығармашылық), көшбасшы дағдыларына ие болуға, әлеуметтік рөлдерді қабылдауға, өзін-өзі тануға, топта жұмыс жасауға, шиеленістерді шешуге, тілдерді үйренуге бетбұрысы;

қосымша білім беру жүйесі педагогтерінің кадрлық әлеуетін сапалы дамыту: кәсіптік қызметінің әдіснамалық, әдістемелік, практикалық және қолданбалы құрамына бірден-бір көңіл аударылуы.

Пайымдауымыз бойынша бүгінгі таңда каникул кезеңіндегі түрлі бағдарламалар бойынша демалған балалар мен жасөспірімдердің санын көбейту жөніндегі өзекті мәселені шешу жолдарының бірі болып, білім беру инфрақұрылымын дамыту және балалар мен жасөспірімдерді сауықтырып демалдыратын барлық түрдегі және құрылымдардағы мекемелердің меншік иелігіне және кімге қатысты екеніне қарамастан мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылуы қажет.

Бейінді лагерде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын ұйымдастыру бағдарламалары және басым бағыттары

Туристік жорықтар, саяхаттар мен экспедициялардағы, қала сыртындағы лагерьлер мен демалу және сауықтыру мекемелеріндегі қызмет түрін құраушы бағдарламалар түрлі бейімді ауысымдар, пәндік мектептер, балалардың шығармашылық мектептері, кіші ғылым академиясының ұйымдастыру қызметтерін бейнелейді және жас тұлғаның шығармашылық пен әлеуметтік дамуына, жыл бойғы және мектеп демалысы кезеңіндегі түрлі қызмет түріндегі қажеттілігі мен сұранысын жүзеге асыруға ықпалын тигізеді.

Жалпы бағдарлама – балаларды арнаулы іріктеуді қажет етпейтін бағдарлама. Демек, ауысым бағдарламасы қатысушылардың түрлі сұранысына жауап бере алады. Лагерьдің жалпы бағдарламасын әзірлегенде бірінші кезеңде балалар ұжымындағы коммуникативтік және жеке дара жұмыс жасау саласын дамыту мәселелері қарастырылады. Мұндай бағдарлама мейлінше ұтқыр болып ауысымға қатысушылардың әрбірінің қызығушылықтарын жекеше ескере алады.

Тақырыптық бағдарламаны (бейінді, арнаулы, пәндік) жалпы қызығушылық және қызмет түрлерімен бірлескен қатысушылар жүзеге асырады. Бағдарлама мазмұны нақты қатысушылардың сұраныстарына бағытталуы тиіс. Бұл мектеп активінің қызметі, әскери-патриоттық, туристік, шығармашылық, экологиялық және т.с.с. бейінді лагерьлер мен аусымдар бағдарламасы болуы мүмкін. Мұндай аусым жұмысының мазмұнында нақты бағытқа, жеткен нәтижені көрсетуге, біріккен акцияларды жоспарлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Кешендік бағдарламалар жалпы және тақырыптық бағдарламалардың бір лагерь аусымы шеңберіндегі белгілі бір үйлесуі. Мұндай бағдарламаларды жүзеге асыру іс жүзінде бір ауысым шеңберінде бірнеше бөлімшелерді жүзеге асырудан тұрады. Бұлар сюжеттік-рөлдік ойындар, фестивальдар, байқаулар бөлімшелері және т.с.с. болуы мүмкін.

Танымдық бағдарламалар оқып білген пән бойынша терең білімдер береді, зияткерлік қабілеттерін дамытады, балалар мен жасөспірімдерді танымдық қызметке ынталандырады, көзқарасын кеңейтеді және нәтижелі, қайта жаңғырту, шығармашылық, ізденушілік болып бөлінеді.

Балалар және жасөспірімдердің демалысы мен сауықтыру білім беру бағдарламаларын құрастырғанда мыналарды ескерген жөн:

қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заманауи қажеттілігіне сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту;

балалар мен жасөспірімдердің психофизиологиялық дамуының ерекшеліктеріне, жас ерекшеліктерінің мүмкіндіктер заңдылықтарына білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру;

балалардың психикалық және физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;

қызметтік құрамдасын күшейту, шығармашылық, тәжірибелік, танымдық қызметтерін қалыптастыруға бағыттау;

күзиреттілік амалдарды жүзеге асыруға бағыттау, яғни балалар мен жасөспірімдердің игерген білімдерін, біліктерін, дағдыларын және қызмет әрекеттерін нақты өмірдегі практикалық міндеттерді шешуге даярлығын және қабілеттерін қалыптастыру;

құзырлылық түрінде оқушылардың білімділік нәтижелер жүйесін құру арқылы соңғы нәтижеге бағыттылық.

Балалар демалысы мен сауықтыру білім беру бағдарламаларының мақсаты мен міндеттері бірінші кезеңде балалардың тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Осыған орай, бұл бағдарламалардың мазмұндары мыналарға сәйкес болуы керек:

отандық және әлемдік мәдениет нәтижелеріне, ұлттық мәдени дәстүрлерге және азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасу міндеттеріне;

қосымша білім беру бағдарламаларының бағыттарына (мысалы, ғылыми-техникалық, спорттық-денешынықтыру, көркем-эстетикалық, өлкетану-туристік, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық және т.б.);

балалардың даму деңгейіне;

оқыту амалдарында, білім беру үдерісін басқару және бақылау тәсілдерінде, оқыту түрлері мен әдістерінде орын алған заманауи білім беру технологияларына.

Лагерьдегі бос уақытты ұйымдастыру түріне қарай бағдарламалар үлгілері үш топқа бөлінеді: тұрақты, туристік және кешенді демалыс.

Білім беру бағдарламаларының құрылымына, оның ішінде каникул кезеңіндегі балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын, бос уақытын ұйымдастыру бағдарламаларына төмендегі талаптар қойылады:

дамытушы білім беру қағидаларына сәйкестік (баланың дамуы көзделген міндеттеріне);

ғылымилық пен практикалық қолданушылық қағидаларының үйлесуі (жалпылама тәжірибеде жүзеге асыру мүмкіндігі);

алдына қойылған мақсат пен міндеттерді қажетті және жеткілікті мәліметтер негізінде жүзеге асыру (қисынды «минимумге» мейлінше жақындау);

балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктеріне және жас ерекшеліктерінің мүмкіндіктеріне қарай білім беру салаларын ықпалдастыру;

каникул кезеңіндегі балалар мен ересектердің қысқа мерзімді бірігіп әрекеттесу жағдаяттарын ұйымдастыру;

тәрбиелік, дамытушы және білім беру мақсаты мен міндеттерінің бірегейлігін қамтамасыз ету.

Балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтуды ұйымдастыратын мекемелердің білім беру тәжірибесіне сапалы және тиімді инновацияларды ендіру, олардың нақты жұмыс жағдайларын толығымен ескеретін бағдарламаларды таңдау және өзіндік жасау құқығымен қоса жүзеге асырылады.

Бағдарламаларға әдістемелік қосымшаларды қоса берген жөн. Бағдарламалардың құрылымдары түрлі болғанымен олардың мазмұны

классикалық, тәжірибе түрінде түсінікті жұмысты ұйымдастырушыларға арналады.

Балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтуды ұйымдастыратын мекемелер қызметінің барлық бағыттарын жүзеге асыруға арналған бағдарламалардың орындалу мерзімі барлық күзгі, қысқы, көктемгі немесе жазғы каникул кезеңінің бір лагерьлік ауысымына арналады (10-нан 30 күнге дейін). Бұл бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысатын балалардың жасы - 6-16 жастағылар.

Оқыту түрлері әр түрлі болуы мүмкін: үйірмелік, секциялық, дамытушы ойындар, тренингтер, шеберлік сыныптар, қашықтықтан оқыту.

Күтілетін нәтижелер мен олардың нәтижелілігін анықтау әдістері қойылған мақсатқа жету өзгешелігі және бағдарламаны жүзеге асыру мерзіміне байланысты анықталады.

Бағдарламаның жүзеге асырылу қорытындыларының түрлері сан алуан болуы мүмкін: қалыптастырылған құзырлықтан үйренген әндер мен билер, қолданбалы шығармашылық затын жасау, көрмелер, фестиваль, сайыстар, жарыстар, оқу-шығармашылық конференциялар, қашықтықтан оқытатын республикалық және халықаралық олимпиадалар, әдеби кездесулер және т.б. арқылы айқындалады.

**Жамбыл облысы «Тау самалы» жазғы сауықтыру кешеніндегі
«InterPress» бейінді лагерінің жазғы сауықтыру
демалысты ұйымдастыру бағдарламасының үлгісі**

*Авторлары: А.Б.Тлебаев.,
З.Ф.Надиров., З.Б.Вайитов*

Түсініктеме хат

Демалысты ұйымдастыру, балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайту мемлекетіміздің маңызды міндеттері болып табылады. Мемлекеттік саясат аясында соңғы жылдары балалардың демалысы мен денсаулығын нығайтуға, демалыстың өзі оқыту мен тәрбиелеудің сабақтастығын қамтамасыз ететін үдеріске айналуға, тек сауықтыру емес, сонымен бірге танымдық-шығармашылықты суреттейтіндей ұйымдастырылуына айрықша назар аударылуда.

Жазғы каникулдар – балалар өз өмірін қызықты таныстыруларға, пайдалы қызығушылықтарға, сабақтарға толтыра алатын кезең. Осындай мүмкіндіктерді әр балаға балалардың бейінді лагерьлері ашып береді.

«InterPress» *бейінді лагері* – бұл қанық мәдениетті және зияткерлік ортаға жұмылу үшін ересектер мен өзіне жақын балалармен бірге жиналуға арналған әмбебап мүмкіндік. Бұл әр түрлі шығармашылық жұмыстарда өзін көрсетуге, көптеген жаңа және қызықты нәрселерді тануға бағытталған мүмкіндік. Мұнда достық қарым-қатынас орнатылады, кәсіби қызығушылықтар қалыптасады.

Мұның барлығы «10 күн ағылшынша» бағдарламасын құруға әкеп соқты.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарлама мақсаты:

пән бойынша сабақтан тыс қызметті дамыту арқылы шет тілін меңгеруге деген ынтаны қылыптастыру, денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуға ықпалдасу.

Міндеттері:

балалардың елтанушылық көзқарасын кеңейту;
елдердің мәдениеттанушылық аспектілерін меңгеру арқылы этикалық нормаларына дағдыландыру;
балалардың ұйымдастырылған демалысына жағдай жасау;
санитарлық-гигиеналық мәдениетін, өзін ұстау мәдениетін құрайтын қасиеттерді қалыптастыру;
ересектермен қарым-қатынас орнату және балалар ұжымында толеранттылық пен достастықты, ынтымақтастықты қалыптастыру;
лексикалық бірліктерді үйрену;
балалардың зияткерлік және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
шет тілін үйренуге деген ынталарын арттыру;
сахналау және басқа да қызмет түріне қатысу арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін ашу;
Англияда күнделікті пайдаланатын сөздер тізбегін меңгеру;
Англия мен Қазақстан мәдениетінің ұқсастығы мен айырмашылығын меңгеру;
Қазақстанмен салыстырғандағы шет тілінде сөйлейтін қоғамда қабылданған өзін ұстау қабілеттерін қарастыру және меңгеру;
шет тілінде еркін сөйлеуді жүзеге асыру;
білім алушылардың физикалық денсаулығын нығайту.
Жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында бекітілген талаптар білім алушылардың дарындылығын дамыту, соның ішінде шығармашылық таланттарды, сондай-ақ оқытудың әмбебап іс-әрекеттері мен пәнаралықты дамытумен байланысты.

Бейінді лагерьге қатысу балалардың тұлғалық, коммуникативтік, танымдық және әмбебап реттеуші оқыту қызметін дамытуға бейімделген:

бала үшін оқу үдерісі қандай мағынаға ие екенін түсіну;
жігерлі ынтымақтаса алуы;
өзінің сөздік ойын өз бетімен және саналы түрде құру;
оқу және шығармашылық міндеттерін шешуде іс-әрекет алгоритмін өз бетімен құру;

оқу және шығармашылық мақсаттарға жету үшін іс-әрекеттер реттілігін өз бетімен жүзеге асыру;

бейінді лагерь қызметінің аясында өз әрекетіне баға беру, болжау, бақылау, түзету енгізу.

Бейінді лагерьде өткізілген әр түрлі іс-шаралар кешені талантты балаларды қолдау жүйесін дамытуға, тұлғаның өзін-өзі анықтау және тұлғалық мәдениетін дамытуды ілестіретін шет тілін меңгеруге деген ынтасын арттыруға бағытталған.

Өзектілігі

Балалардың бос уақытын және сауықтырылуын, каникул кезеңіндегі демалысын ұйымдастыру бағдарламасын құру ата-аналар мен балалардың тарапынан оқушылардың ұйымдасқан демалысына деген сұранысының артуына әкелді.

Қажеттілігі:

шет тілінде сөйлейтін елдердің мәдениеті туралы көзқарастарын кеңейту;

балалардың белсенді және тақырыптық сөздік мақала тақырыбын кеңейту;

балалардың бойындағы ағылшын тіліне деген қызығушылық сезімін дамыту;

балаларды эстетикалық және этикалық қырына тәрбиелеу;

жаңа білімді алу, лингвистикалық және лингвоелтанушылық қабілеттерді дамыту;

шығармашылық қызметтерді дамыту;

жалпы ағзаны нығайтуға бағытталған дағдыларды алу;

дара және ұжымдық жұмыстардың икемділігін дамыту;

болашаққа арналған жоспардың қалыптасқан жүйесін бірыңғайлау;

алдыңғы жылдардағы лагерьдің жұмыстарындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

көне жұмыс нысандарын модернизациялау және жаңаны енгізу;

бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда жасөспірімдер мен педагогтердің бай шығармашыл әлеуетін қолдану.

Психологтар барлық балалардың бойында жүйелі сабақтарда тиімді дамитын шығармашыл әлеуетін бар екенін айтады. Және лагерьдің ауысымында пайда болған әрі қарай шығармашыл қабілеттер, білік, дағдыны балалар күнделікті өмірде, мектептегі оқу сабақтарында тиімді қолдана алады.

Бағдарлама балаға өзін тұлға ретінде сезінуге, өзін-өзі бекітуге, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға, туризмге, дене шынықтыруға, спортқа бейімделуге, салауатты өмір сүрудің не екенін түсінуге көмектеседі.

Күтілетін нәтижелер

1. Тәрбиеленушілерді жалпы сауықтыру, олардың денсаулықтарын нығайту.
2. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психологиялық күш-жігерлерінің нығаюы, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерінің дамуы, жаңа білімді алу, шығармашылық қабілеттердің, балалардың өз бетімен жұмыс жасауын дамыту.
3. Әлеуметтік белсенділік, еңбек және дара, ұжымдық шығармашылық қызметтің білік, дағдысын бекіту.
4. Коммуникативтік және толеранттылық қабілеттерді дамыту.
5. Әлеуметтік маңызы бар қызметке балаларды жұмылдыру арқылы олардың шығармашыл белсенділіктерін арттыру.
6. Үйірмелердегі сабақтардың нәтижесінде (әндерді, ойындарды жаттау, жобаларды құрастыру) жаңа білім мен дағдыны алу.
7. Балалардың ой-өрісін дамыту.
8. Білім алушылардың жалпы мәдениетін арттыру, оларға әлеуметтік, адамгершілік нормаларды қосу.
9. Ауысымға қатысушылардың тұлғалық өсуі.

Бағдарлама тұжырымдамасы

«InterPress» линвистикалық бейінді лагерьі – бұл балалар мен педагогикалық ұжымға арналған жер. Лагерьге келе жатып бала басқа өмірге, ол өмір мектеп, отбасы, таныс орта мен достар арасындағы өмірден ерекшелінетін өмірге түседі...

Осы жағдай бір жағынан әр балаға өз мүмкіндіктерін, қасында жақын адамдары мен өзі үйренген достарының қасында болмағанда

қабілеттерді ашатын жаңа жолды өтуге мүмкіндік береді, мынандай жаңа жағдайлар: тәлімгер, таныс емес балалар, бөтен жер...

Екінші жағынан – «InterPress» бейінді лагерінің педагогикалық ұжымының бала үшін жаңа әлем, жаңа өмірді құруға мүмкіндігі бар, ол ауысымның бар болғаны 10 күнінде мынаған мүмкіндік береді:

- 1) өз бетімен жұмыс жасау тәжірибесін алу;
- 2) бала өмірінде өмір бойы қалатын шығармашылық дағдыларды үйрену;
- 3) демократия тәжірибесін алу;
- 4) өз бос уақытын (компьютерлік ойындарға қарама-қайшы) қызықты және мазмұнды (танымды) ұйымдастыруды үйрену;
- 5) өз бойындағы талантты ашу. «InterPress» бейінді лагерінің тәжірибелі педагогтері мынаған нық сенімді: әр бала өзінше талантты, тек сол талантты ашуға көмек беру керек;
- 6) ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды үйрену, басқалардың құқығын құрметтеу, дос бола алу, ұжымда өмір сүре білу, оның заңдарына бағыну;
- 7) өзінің көшбасшылық қабілеттерін көрсету, жеке бастамасын сезіну және өзінің жеке тәртібіне деген құрметке ие болу;
- 8) өзінің жасаған әрекетіне, өз бетімен қабылдаған шешіміне деген жауапкершілік дағдысын дамыту;
- 9) жетістік қуанышы, тосқауылдардан өту, жеңіске жету баланың эмоционалдық оң көзқарасын бастан кешуді туғызады, бұл оның әрі қарай үйлесімді тұлғалық дамуының мықты импульсі болып табылады. Дәл осы «формула» біздің «10 күн ағылшынша» бағдарламасының базасы болды.

Нормативтік құқықтық қамсыздандыру

«InterPress» линвистикалық бейінді лагерінің жұмысын ұйымдастыруда лагерь педагогтері мен әкімшілігі төмендегі нормативтік құқықтық құжаттарды жетекшілікке алады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Білім туралы» Заңы;

2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 86-өӘкімі;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 288 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары»;

Қазақстан Республикасында *білім беруді дамытудың 2011-2020* жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенция;

Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация;

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі»;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі;

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының «Дінісенім және діни экстремизм туралы» заңы;

Лагерьдің жарлығы;

Лагерьдің ішкі еңбек тәртібінің ережесі;

Техникалық қауіпсіздік туралы ережелер;

Өрт қауіпсіздігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтау типтік ережелері;

Көлікте балаларды алып жүру ережесі;

СанПИН нормалары.

Бағдарламаны жүзеге асыруда қызметтің мазмұны және құрылымы

Жарлыққа сәйкес «InterPress» педагогикалық ұжымының қызметі шығармашылық пен танымға, баланың тұлғалық ынтасын дамыту, тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қызығушылығындағы қосымша білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру, шығармашылық тұрғыдан даму үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз ету, денсаулықты нығайту, жалпы мәдениетті қалыптастыру, 8 жастан 16 жасқа дейінгі жастағы балалардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтау және олардың мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру, балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу мәселелері бойынша бейінді лагерьдің педагогикалық

қызметкерлеріне практикалық және әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған.

«InterPress» линвистикалық бейінді лагері төмендегі бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асыруда:

- білім беру;
- дене шынықтыру - сауықтыру;
- экологиялық-туристік;
- эстетикалық;
- бос уақытты қамту;
- еңбек;
- көркемдік.

Білім беру бағыты

Әр оқытушы линейкадан кейін басталатын тілдік сабақтарды жүргізеді. Олар ойын технологияларын қолданып, оны бейстандарттық нысан бойынша жүргізеді. Тілдік сабақтар 30 минуттан өткізіледі, әр түрлі топтар (жасақтар) педагогке әр түрлі уақытта келеді.

Әр жасаққа сабақ кестесін дайындайды. Лагердің күнделікті жұмыс жоспары төмендегіні өзіне қосады:

- шет тілінің грамматикасы (Grammar Land) бойынша сабақтар;
- ән айту сағаты (Sing with US) – шет тіліндегі әндерді жаттау;
- сөйлеу практикасы (Practice Hour) бойынша сабақтар – лексиканы, диалогты, сөйлеу әдебін кеңейту;
- психологиялық тұрғыдан жеңілдету (Relaxation Hour) сағаты, ол релаксация түрінде өткізіледі;
- фитнес (Fitness Club) бойынша сабақтар;
- жазуды үйрету (Writing Hour) бойынша сабақтар. Жазбаша тілдің дағдыларын жетілдіру: ашық хат, e-mail, хаттар;
- таза ауада ойын ойнау (Outdoor games);
- рефлексия (Reflection). Қорытындысын шығару, келесі күнді жоспарлау.

Шет тілі пәні педагогтерінің (ерікті адамдардың) алдында оқытудағы құзыреттілік тәсілдеріне негізделі білім алушылардың шет тілін меңгеру деңгейі мен оқыту деңгейін арттыру мақсаты тұр.

Лагердің жұмыс бағдарламасына, сондай-ақ ағылшын тілінде жүргізілетін қала бойынша экскурсиялар; бейінді лагердің қатысушыларымен дайындалған білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған концерттер, қойылымдар, байқаулар, шоу; қала сыртына бару, тақырыптық күндер кірістірілген.

Дене шынықтыру - сауықтыру бағыты:

Дене шынықтыру - сауықтыру бағытының **міндеттері:**

Балаларды дене шынықтыру - сауықтыру жұмыстарының әр түрлі нысандарына жұмылдыру;

гигиеналық дағдыларды қалыптастыру және нығайту;

денсаулықты сақтау бойынша білімдерін кеңейту.

Ұйымдастырудың басты **нысандары:**

Таңғы гимнастика (жаттығу).

Спорттық алаңдардағы спорттық ойындар.

Таза ауадағы қозғалыс ойындары. «Көңілді старттар».

«Олимпиада - 2014» атты тақырыптық күн.

Денеге түсетін ауырлық, таза ауа, табиғаттың әдемі тұстарымен танысу тамаша физиологиялық және психологиялық фонды құрайды.

8-15 жас аралығындағы топтардың күн тәртібіне ұсынылған күн тәртібі гигиеналық талаптарға сай: еңбек пен мазмұнды демалыстың үйлесуі, таза ауада көп болу, сауықтырылу іс-шараларын өткізу.

Таңғы жаттығулар (гимнастика) 10-15 минут күнделікті жүргізіледі: жақсы ауа-райында – таза ауада, ауа-райы бұзылғанда – ауасы тазартылған бөлмеде. Бұл күн тәртібінің негізгі мақсаты физикалық даму мен шынықтырудан басқа – күні бойына жақсы физикалық тонус пен жағымды эмоционалдық қуатты құру.

Қозғалыс ойындары дене шынықтыру барлық негізгі элементтерін қосады: жаяу жүру, жүгіру, секіру. Олар балалардың жақсы, эмоционалды көңіл-күйін құруға, олардың ептілік, жылдамдық, төзімділік секілді физикалық қабілеттерін дамытуға ықпалдасады, ал ұжымдық ойындар – және достыққа тәрбиелейді.

Спорттық іс-шаралар спорттық ойындардың әр түрін өзіне қосады:

«Диверсанттар» жергілікті жерге байланысты ойын;

кіші олимпиялық ойындар;

«Спортказино» спорттық-зияткерлік ойын;

«Қызықты сумо»;

күлкілі туристік маршрут;

101, 102, 103 қызметтер эстафетасы;

«Спорттың ханзадасы мен ханшайымы» кешкілік іс-шара.

Жарақаттанудың профилактика қамы туралы лагерьдің басшысы құрал-жабдықтарды мұқият таңдайды, педагогтер мен тәрбиеленушілерге нұсқаулықтар өткізеді.

Эстетикалық бағыт

Бізді жан-жағымыздан әсемділік қоршайды: табиғатта да, қоғамда да және адамдар арасындағы қарым-қатынаста да. Тек оны көре

білу, сезу және түсіне білу керек. Мұндай керемет қабілеттің өсуі әр баланың бойына дарыған. Оларды дамыту – эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеу деген сөз. Міне сол себепті эстетикалық тәрбие әрқашанда болды және балалар сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық қызметтерінің маңызды бөлігі болып қала береді.

Эстетикалық қызметтің міндеттері:

балалардың бойындағы жақсы сезімді ояту;
өзін ұстау және қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру;

балаларды эстетикалық талғамға дағдыландыру.

Адамгершілік-эстетикалық тәрбие аясында лагерьде көп нәрсені атқаруға және бірнеше бағытта жұмыс жасауға да болады: музыка, ән айту, би билеу; кітаппен, табиғатпен, өнермен қарым-қатынасқа түсу.

Өткізудің басты нысандары:

«Тау самалы» мұражайын бару;

байқаулар: «Даңқ минутасы», «Ең, ең...»;

«Біздің жасақ үйіміз» жасақ бұрыштарын безендіру байқауы.

Көркемдік бағыт

Шығармашылық қызмет – бұл адамгершілік белсенділігінің ерекше саласы, онда тұлға басқа мақсаттарды көздемейді, тек рухани және физикалық күш-жігерді көрсетуден қанағаттанғысы келеді. Балалардың креативтілігін дамыту лагерьдегі шығармашылық қызметтің бастысы болып табылады.

Көркем-шығармашыл қызметті ұйымдастыру нысандары:

Бейнелеу өнері («Біздің жасақ үйіміз» газетін безендіру, «Ал біздің лагерьде...» қабырға газеттері мен суреттер байқауы);

байқау бағдарламалары («Қызықты экспресс», «Үздік пародия», КТК). Шығармашылық байқаулар («Тынысыңыздар – бұл біз!»);

шығармашыл ойын бағдарламалары;

концерттер («Би алаңының жұлдыздары»);

шығармашыл ойындар («Рекордтар күні»). Мерекелер («Сәлем, лагерь!», «Нептун күні»);

көрмелер.

Лагерьде сурет салу балалардың көркемдік қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Балалар сурет сала отырып бейнелеу өнері қызметінің барлық дағдыларын меңгереді, көзбен көріп есте сақтауды нығайтады, қоршаған әлемнің нысандары мен түстерін байқауға және ажырата білуді үйренеді. Өз суреттерінде олар әлемді көрудегі өз ойларын, өз қиял-ғажайып әлемін жүзеге асырады.

Еңбек бағыты

Еңбекке тәрбиелеу балаларды әр түрлі педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған қоғамдық маңызы бар еңбекке жұмылдыру үдерісі, оның мақсаты балаларға кіші еңбек дағдысын, білікті беру, еңбексүйгіштікті, басқа адамгершілік қасиеттерді, мақсатқа, үдеріске және еңбек нәтижесіне деген эстетикалық қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

Жұмыстың негізгі нысандары:

тұрмыстық өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегі;

қоғамдық маңызы бар еңбек (берілген территорияны жинастыру).

Тұрмыстық өзіне-өзі қызмет көрсету еңбектің мақсаты баланың және бала топтарын өздерінің жеке еңбек күштері арқылы олардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Баланың тұрмыстық еңбегі өзіне киімді және аяқ киімді күту, бөлмені шаң-тозаңнан және қоқыстардан тазалау, жайлы жағдайды құруды қосады.

Лагерьде балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету қызметі өзіне асханада және лагерь бойынша кезекшілік, жасаққа берілген территорияны қоқыстан тазартуды қосады.

Балалар өздері айналысатын секцияларда, үйірмелерде өзіне-өзі қызмет көрсетуге жұмылдырылады.

Экологиялық-туристік бағыт

Берікқара шатқалынан 5 км жерде «Тау самалы» жазғы сауықтыру кешенінің базасында шатырлы қалашық жұмыс жасайды.

Жазғы шатырлы қалашықтың бағдарламасы баланың қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортамен байланыстағы танымдық және эмоционалдық саласына, шығармашылығына, қимылына оқу-тәрбиелік үдеріс әсер ететіндей қылып жетекшінің басқаруымен туризм әдістері арқылы сауықтыру-танымдық қызметті ұйымдастыруды ұсынады.

Шатырлы лагерьлерді ұйымдастырудың көпжылғы тәжірибесі педагогтерді баланың тұлғалығын дамытуға туристік жағдайларда өмір қызметі жағымды әсер ететіндігіне көндірді. Жылдан жылғы тәжірибе туристік өмір сүруді дұрыс ұйымдастырғанда ол балалардың ой-өрісін кеңейтуге ықпалдасады, олардың ерікті қасиеттерін жақсы тәрбиелейтіндігін көрсетеді. Осындай қызметке белсенді қатысу өсіп келе жатқан адамға оның өзін-өзі тануына, өзін-өзі бекітуге және өз ойын жеткізуге байланысты көптеген мәселелерді еш қиындықсыз шешуге көмектеседі, бұл қоғамда өмір сүрудегі заманауи жағдайлардағы тұлғаның және жеке әр адамның жан-жақты дамуына аса маңызды.

Туристік жорықтарда барлығы бір-бірімен байланысты, бір-біріне тәуелді. Мұнда педагогикалық аялдама үшін табиғи жолмен

маңыздылық туындайды – өзара тәуелділік жауапкершілігі. Жорықта психологиялық қарым-қатынастың күрт өзгеруі анық байқалады: ұжымның қызығушылығы әр адамның іс-әрекетіне тәуелді болған жағдайда ұжым жетіспеушілікке келіспейді, талап қойғыш болады. Мұнда туристік лагерьде жасөспірімнің тұлғалық дамуындағы ауытқушылықты уақытылы диагностикалау қажеттілік мүмкіндігін де ескерген жөн. Осыған өзара түсінушілік пен өзара сенімділік атмосферасы ықпалдасады. Бала өз жолдастарының саулығындағы қажеттілікті, өз іс-әрекетінің ара-қатынастығын белгілеуді үйренеді. Адамгершіліктің өзара тәуелділік ережелері абстракталы білім саласынан нақты іс-әрекеттерге орнын ауыстырады.

Жорыққа қатысу балаларға Қазақстан Республикасындағы жаңа географиялық нысандармен танысуға, өз өлкесін мұқият зерттеуге, спорттық шеберлікті арттыруға, туризм саласында жұмыс жасау үшін кәсіби бейімделуді алуға көмектеседі.

Жорықты өткізу кезеңінде туристтер туризм техникасы бойынша сапалы практикалық дағдыларды, тұрған орнында бағдарлану, туристік жабдықтауды қолдану, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, табиғаттың жағдайсыз жағдайларынан шығуды үйренеді. Таза ауада, күнде, суда өмір сүру, нақты күн тәртібін сақтау балалары физикалық тұрғыдан нығайтады. Өз еңбегінде, жорықтағы жалпы уайымдау жағдайларынан жолдастық қолдау мен өзара көмек беру туындайды, ұжым құрылады және жолдастарына құрмет көрсетуге негізделген саналы тәртіп тәрбиеленеді. Мұның барлығы туризмді демалыстың белсенді түрі ғана қылмай, оны тәрбиелеудің тамаша құралына айналады.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрінің негізгі міндеттері:

қоршаған әлем туралы балалардың білімдерін кеңейту;
өз білімдері мен дағдыларын жүзеге асыруда баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Жұмыстың негізгі нысандары:

тауға жорық жасау, жас туристтер мектебі, төбеге (обаға) экскурсия жасау, «Жұлдызды навигатор»;
психологиялық тесттер.

Балалардың бойына өзі туралы жаңа бір нәрсені білуге көмектесетін психологиялық тесттер қызығушылық тудырады.

Бос уақытты ұйымдастыру қызметі

Педагогтер ауысымның басынан бастап соңына дейін жасөспірімдердің жаңа ортаға, жаңа ұжымға бейімделу, олардың жеке шығармашылығын жан-жақты дамыту міндеттерін шешеді;
өзін ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.

Жұмыстың үлкен көлеміне қарамастан, күн бос уақытты қамту жұмыстарымен толық.

Бос уақытты ұйымдастыру қызметінің міндеттері:

бос уақытты ұйымдастырудың әр түрлі нысандарына мүмкіндігінше көп балаларды жұмылдыру;

шығармашылық шеберханалардың қызметтерін ұйымдастыру.

Негізінде әр түрлі қоғамдық-маңызы бар рөлдер мен қоғамдағы орынды еркін таңдау жатыр, рухани-адамгершілік қарым-қатынас үшін жағдайлар жасалады, төзімділік, әдеб ережесі мен өзін ұстау нормаларын бекіту жүргізіледі.

Бос уақытты ұйымдастыру қызметі – бұл белсенді қарым-қатынас үдерісі, байланыста, шығармашылық қызметте балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, бала бойындағы физикалық және зияткерлікті дамыту, оның мінезін қалыптастыру. Балалардың бос уақытын қамту қызметі – оның лагерьге келу кезеңіндегі бірегей өмір сүру үдерісінің бір компоненті.

Бос уақытты ұйымдастыру түрлері:

ойын-сауық өтемақылы болып келеді, басқа қызмет түрінің шығындарын қалпына келтіреді. Көңіл көтере отырып бала өзінің бос уақытына оқу мен еңбекте жүзеге асыра алмайтын физикалық және рухани қабілеттерді қосады. Ойын-сауыққа жататындар: концерттерге, спорттық жарыстарға, қойылымдарға бару, қыдыру, саяхат жасау;

демалыс қандай да бір мөлшерде күнделікті қамқорлықтан босатады, эмоционалдық көтеріңкілікті сезінуге және өз сезімін ашық айтып жеткізуге мүмкіндік береді;

өз бетімен білім алу балаларды мәдени құндылықтарға тартуға бағытталған. Өз бетімен білім алуға жататындар: экскурсиялар, пікірталастар, іскерлік ойындар. **Шығармашылық** – бос уақытты қамту қызметінің ең жоғарғы деңгейі. Лагерьдің тәрбиеленушілері шығармашылық шеберханаларға (безендіру және ойын) барады;

жалпы қызығушылықтың негізінде топтың, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қажетті жағдайдың бірі **қарым-қатынас** болып табылады.

Ауысымның дәстүрлі жұмыстары жүргізіледі: «Сәлем, «Тау самалы» танысу күні, лагерьдің ашылуы және туристке арнау, лагерьдің жабылу күні. Жабылу – бұл осы жерге қайтып келуге ұмтылыс жасайтын салт.

Үйірме жұмыстарының қызметтері

Балаларды қызығушылықтары бойынша кіші топтарға біріктіретін үйірме жұмысының қызметі лагерьдегі тәрбиелік

жұмыстардың маңызды бағыты болып табылады. Лагерьдің үйірме жұмыстарының қызметін ұйымдастыру нұсқаулы болып келеді, әр ауысымның кезеңінде үнемі үйірмелер жұмыс жасайды (хореография, вокал, спорттық үйірмелер, қолөнер, оригами, бейнелеу өнері, жас туристтер мектебі, фото жұмысы, бисермен тоқу, экстремалды жағдайдағы медицина), олардың жұмысын жасау үшін педагогикалық қызметкерлердің болуын қамтамасыз ету.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту, ой-өрісін кеңейту.

Ол өзіне бірлесе атқарылатын шығармашылық құралдары арқылы балаларды дамытуды қосады, оның үдерісінде әдеб ережелері мен өзін ұстау нормаларын бекіту, жаңа құбылыстар мен пәндермен танысу, табиғатқа ұқыпты қарау, еңбекке баулу жүреді. Көптеген мақсатты қолдануда балалардың жеке қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалады.

Лагерьде үйірме жұмысының қызметін ұйымдастыру төмендегі кезеңдерден тұрады:

балалардың қызығушылығын зерттеу;
ауысымның басында линейкада үйірмелердің тұсаукесерін жасау;

балаларды үйірмелер жұмыстарының жұмыс тәртібімен таныстыру;

балалардың өзін-өзі анықтауы және оларды үйірмелерге жаздыру;

үйірмелердегі балалардың қызметтері;

балалар қызметінің ағымдағы нәтижелерін көрсету;

ауысым соңында үйірмелер жұмыстарының қорытындысын шығару.

Кадрлық қамсыздандыру

«InterPress» бейінді лагерінің жұмысына педагогикалық қызметкерлерді қабылдау байқау негізінде жүзеге асырылады.

Лагерьдің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыруды Тараз қаласы А. Пушкин атындағы № 41 көпсалалы гимназияның педагогтері З.Ф. Надиров, А.Р. Телебаев және «InterPress» халықаралық тілдер орталығымен бірлесе жүзеге асырады.

Лагерьдің штаттық кестесіне лагерьдің басшысы, тәрбие, мәдени-бұқаралық жұмыстар бойынша басшының орынбасарлары, педагог-ұйымдастырушы, педагог-валеолог, аға тәлімгер, психолог, тау туризмі бойынша нұсқаушы, экскурсия жетекшісі, тәрбиешілер, жасақ тәлімгерлері (25 балаға арналған топқа 2-ден кем емес), музыкалық

қызметкер, ди-джей, дене шынықтырушы, суда жүзудің жетекшісі, дәрігерлік қызметкер кіреді.

Лагерь ауысымының бағдарламасын жүзеге асыруда Тараз қаласы А. Пушкин атындағы № 41 көпсалалы гимназияның жоғары білікті педагогтері Б.А. Таштеміров басшылық ететін «InterPress» халықаралық тілдер орталығымен бірлесе педагогикалық қызметкерлерді даярлаудан өтеді.

Осындай мақсатта педагогикалық ұжыммен, тәлімгер құрамымен, лагерьде жұмыс жасағысы келетіндермен әңгімелесу, оқыту семинар-практикумдары, тренингтер өткізіледі.

Лингвистикалық бейінді лагерьге арнайы бағдарламамен США-дан еріктілер шақырылады, олар балалардың коммуникативтік дамуына баға жетпес қор енгізеді.

Тамақты ұйымдастыру

Дұрыс тамақтану – балалардың дамуын, денсаулықты сақтайтын және нығайтатын денсаулық кепілі.

Балалардың бес уақыт тамақтануы қоғамдық тамақтану кәсіпорындарымен бекітілген келісім-шартқа сәйкес «Тау самалы» жазғы сауықтыру кешенінің асханасында ұйымдастырылады.

Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануы тұтыну нормаларын, мезгілін, лагерьде балалардың болу ұзақтылығын есепке ала отырып 2-апталық мәзірмен жүргізіледі. Балалардың денсаулығы үшін нәрлі заттардың дұрыс ара-қатынасы маңызды. Сондықтан мәзірге міндетті түрде ақуыздар, майлар мен көмірсуларды құрайтын тағамдар ғана кірмейді, сонымен бірге дәрумендер, минералдар, микроэлементтер де кіреді. Бұл компоненттер балалардың ағзасын толыққанды дамытуға қажетті.

Мәзірді құру барысында балалардың өсуі мен дамуы үшін ағзаның қажеттілігі, физикалық және эмоционалдық жүктемелері артқан ішкі орта жағдайдың өзгеруін есепке ала отырып міндетті түрде ескеріледі.

Материалдық-техникалық база

«InterPress» бейінді лагерінің **материалдық-техникалық базасын** келесі нысандар құрайды:

80 жатын-орынға арналған ұйықтайтын корпустар;

160 отыратын орны бар асхана;

ас үй - 1;

2 жатын-орынға арналған изоляторы бар дәрігерлік пункт;

бір ауысымдағы жасөспірімдерді бір уақытта сапқа тұрғызу мен саптық даярлық бойынша сабақтарды жүргізуді қамтамасыз ететін саптық алаң;

жүгіретін жолдары бар спорттық қалашық;

футбол алаңы;

волейбол мен баскетбол алаңдары;

күрке (беседка) (б)- жасақ орындары;

екі бағытқа арналған бірыңғай кедергілер алабы;

шығармашылық кездесулердің мәдени-бұқаралық іс-шараларын, дәріс өткізу, тақырыптық фильмдерді көрсетуге арналған 300 орындық сахна;

шатырлы қалашық.

Балаларды бағалау және ынталандыру жүйесі

Барлық ауысымдардың басынан соңына дейін бейінді лагерьдің барлық қатысушыларының қызметін бағалаудың рейтингі жүйесі жүзеге асырылады. Оның қорытындысы күннің соңында рефлексия жасау барысында жасалады. Берілген нақты күнге 10-ұпайлық жүйе бойынша әр қатысушыға оның жетістіктері туралы ұпай саны айтылады.

Байқаулардың жеңімпаздары 10 ұпайды алады; қатысушылары – 1-ден – 9-ға дейін ұпайды; кімде кім әлдебір себептермен бейінді лагерьдегі осы күні қатыса алмаса, онда ол 0 ұпайды алады. Лагерь ауысымының соңында қатысушылар өз ұпайларын қолма-қол ақшаға ауыстырып, бейінді лагерьдің соңғы күнінде өткізілетін аукцион барысында лото-сыйлықтарды алу үшін жұмсайды. Ауысымның соңында балалар үшін сыйлықтарды алу үшін аукционға сыйлықтар сатып алынады.

Бұдан басқа, ауысымның соңында мадақтау қағаздары, дипломдар, естелікке сыйлықтар тапсырылады, бассейнде жүзу үшін қосымша сеанс, асханаға бірінші болып кіру құқығы беріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Е.Н. Гельфман, С.А. Шмаков. Ойыннан өзін-өзі тәрбиелеуге. - М.: Педагогика, 1971.

2. Н.П. Аникеева. Ойынмен тәрбиелеу. - М.: Білім беру, 1987. - 144 с.

3. В.Н. Боловитинов. Сенің бос уақытың: Қызықты тапсырмалар, тәжірибелер, ойындар. - М., 1970.

4. Л.В. Былеева, И.М. Короткое. Қозғалыс ойындары. - М.: Дене шынықтыру және спорт, 1985.

5. Л.В. Былеева, В.А. Таборко. Ойын?.. Ойын! - М.: Жас гвардия, 1987. - 223 б.

6. Вайндорф-Сысоева М.Е. Тәлімгерлік шеберліктің негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. М: ЦГЛ, 2005. - 160 б.
7. Достар, қолдарымыздан ұстайық! «Ойын – байсалды жұмыс» ӘПБ-ФДО бағдарламасының материалдары / Құрастырушы авторы - И.И. Фришман. - М., 1996. – 78 б.
8. В.В. Володченко, В. Юмашев. Ойын ойнауға аулағы шық. - М.: Жас гвардия, 1984. - 126 б.
9. Балалар сауықтыру лагерінің тәрбиелік қызметі: тарихы және заманауилығы: ғылыми мақалалар жинағы / Т.А. Роммның редакция басқаруымен - Новосибирск: УМПУ, 2008. - 204 б.
10. О.С Газман. Білім беруде балаларды педагогикалық қолдау немесе инновациялық мәселелер / Білім берудің жаңа құндылықтары: он концепция мен эссе. - М.: Инноватор, 1995.
11. Жаздың көкжиегі. Балалар мен жасөспірімдерге арналған жазғы сауықтыру орталығындағы тақырыптық ауысымдардың бағдарламасы. / А.В. Волхованың редакциясымен. - М.: ӘПБ ФДО, 1997. - 180 б.
12. Балалар сауықтыру лагері: тәрбиелік орта. Мақалалар жинағы. - М.:ЦГЛ, 2006.-152 б.
13. С.С. Красовская. «Зубренктегі» «Құқықтық марафон» мамандандырылған ауысым / С.С. Красовская. - Мн.: БГУ орталығы баспасы, 2003 - 67 б.
14. И.В. Макаренко. Дабылды жаз: Балалардың жазғы демалысының калейдоскобы. М: ЦГЛ, 2003. - 413 б.
15. М.И. Рожков. Балалар ұжымында өзін-өзі басқаруды дамыту / М. И. Рожков. - М.: ВЛАДОС гуманитарлық баспа орталығы. 2002. - 160 б.
16. И.И. Фришман, С. Кузьмин. Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысының педагог-ұйымдастырушыларын даярлау бағдарламасы // Халықтық білім беру. - 2005. - №3. - 97-103 б.

Азаматтық-ұлтжандылық тәрбие бағдарламалары

Педагогикалық мақсаттылығы:

Әлемдегі және біздің елдегі орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өмірдің барлық жақтарына және адамдардың қызметіне елеулі әсерлер тигізді. Жаңа құндылықтар мен нұсқаулар қалыптасты, қандай да бір үдерістерді, құбылыстарды, деректерді бағалаудың үйреншікті емес нысандары пайда болды. Бұлар жастардың құндылық бағытталуының өзгеруіне, одан бұрын қалыптасқан көзқарастары мен пікірлерінің сыны бұзылуына әкеліп соқты.

Жеткіншектердің моральдік-психологиялық күйін жақсартуға және дүниеге оңтайлы көзқарас қалыптастыруға ықпалын тигізетін Қазақстан мен өз халқының тағдырына жауапкершілік, мақтан тұту, ұлтжандылық, рухани байлық, ар, міндет сияқты түсініктерді нақты анықтау және дамыту қажеттілігі туып отыр.

Мақсаты:

Ұлтжандылық негіздерін қалыптастыру, өз Отанын мақтан тұтып оны қорғауға даяр азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- табиғатты зерттеу және аялауға, туған елдің тарихы мен мәдениетін қастерлеуге тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін оқып білуге, туған өлке, қаласын құрметтеуге баулу;
- еліміздің мемлекеттік және орындаушы билігін оқып білу және құрметтеуге тәрбиелеу;
- қазақтар мен көпұлттық еліміздің халықтарының дәстүрлері мен салттарын оқып білу және сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- азаматтықты, ұлтжандылықты, белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру және нақты айқындау;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін, туған ауыл, қала, аймақ нышандарын оқып білу және мағынасын түсіну;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік негіздерін білу және құрметтеу;
- елімізде, қоғамда, лагерьде, жасақта оңтайлы қарым-қатынастар таныту.

Ұлтжандылықты жаңғырту – еліміздің жаңғырылуына жасалатын кадам. Ұлтжандылық – тұлғаның рухани байлығы болып табылады және қоғамдық сана, мемлекеттік және қоғамдық жүйесінің, тіршілік әрекетінің және тұлғаның тиімді іс-қимылдарының рухани-өнегелік негізін құрайды.

Демалу және сауығу жағдайларындағы балалар мен жасөспірімдердің азаматтық-ұлтжандылық тәрбиесінің негізгі бағыты болып біздің мемлекет идеологиясының дүниетанымдық негіздері туралы білімділігін қалыптастыру, жеткіншектердің бойына заңға бағынушылық, тән мен жанның дамуы, ұлтаралық келісім мен толеранттық, адамгершілік пен өнегелік қағидалары, ұлтжандылық сияқты бүкіладамзаттық құндылықтарды сіңіру.

Елбасымыздың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында атап өткендей, осы құндылықтардың бірі және еліміздің ең басты артықшылығы болып көпұлттылық пен көптілдік танылады.

Қоғамдық пайдалы қызметтің түрлі құрылымдарына белсенді қатысу, азаматтық жауапкершілікті қоғамдық мінез-құлқының өлшемі ретінде қабылдауды қалыптастыруға әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасау әлі де көкейкесті мәселе болып келеді.

Сауықтыру лагерь жағдайындағы азаматтық-ұлтжандылық ұстамдарды тәрбиелеудің дәстүрлі құрамдасы ретінде балалар ортасында әскер және оның дәстүрлеріне деген құрметті тәрбиелейтін аймақтағы әскери-спорттық ойын өткізу болып келеді. Мұндай ойын барысында балалар арасында серіктестік сезімі тәрбиеленеді, көшбасшыны анықтау, ұжымды біріктіру, лагерь территориясы және аймақпен танысу жүргізіледі. Сонымен қатар, баланың дамуы мен қозғалу белсенділігі қамтылады.

Жазғы кезең өлкенің тарихи және мәдени көзтартарлық орындарымен, лагерь аймағындағы өсімдік пен жануарлар әлемімен танысуға балаларға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Туған өлкені тану – Отанға деген сүйіспеншіліктің бірден-бір маңызды құрамдасы, сондықтан да барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған жөн.

Өз өңірінің әйгілі адамдары – желтоқсан оқиғаларына қатысушылар, еңбек ардагерлері, әртістер, мәдениет қайраткерлері, алдыңғы қатардағы жастар, жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің көшбасшыларымен кездесулер өткізу өте маңызды шара. Ол кездесулер бала мен жасөспірімді рухани байытып, өз Отаны мен туған өлкесін тануға деген ынтасын арттырады.

Ауысымның қандай да болсын бағдарламаларын іске асырудың ең басты шарты – балалар мен жасөспірімдердің жеке басты белсенділігі, олардың жоспарланған іс-шараларды өткізудегі ынта білдіріп, іс барысында елеулі өңдеулер мен өзгертулер енгізуі.

Сауықтыру лагерінде жасөспірімдердің күнделікті және мерекелік іс-шараларға тек орындаушы ғана емес, ұйымдастырушылар және басқарушылар ретінде белсенді қатысуына қажетті жағдайлар жасалады. Осылардың барлығы ұжымда үйлесімділіктің қалыптасуына, балалар мен ересектер, ұйымдастырушы-балалар мен орындаушы-балалар арасындағы тікелей байланыстар құрылуына септігін тигізеді.

Сауықтыру лагеріндегі өзін-өзі басқару ересектер қызметін ауыстырмайды, ол тек ересектермен қоса тәрбиенушілерге де маңызды шешімдер шығаруға және орындауға мүмкіндіктер беріп, балаларға тапсырылған міндеттерді жауапкершілік және шығармашылық түрде орындап, жаңа тәжірибе жинақтауға септігін тигізеді.

Балалар өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысына қатыса отырып, құрдастар ұжымын ұйымдастыру, өмірге әлеуметтік мағыналы идеяларын кіріктіру дағдыларына ие болады.

Сондықтан да, барлық лагерьлердегі балалардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірден-бір әйгілі түрі болып дублер Күнін (өзін-

өзі басқару Күнін) өткізу болып саналады. Онда белгілі бір уақыт аралығында лагерь қызметкерлерінің (тәрбиеші, ұйымдастырушы-педагог, дене шынықтыру инструкторы және т.б.) кейбір міндеттері балаларға іскерлік ойын түрінде жүктеледі.

Жалпы азаматтық-ұлтжандылық тәрбие беру бағдарламалары азаматтық ұстанымдарды, Отанға қызмет етуге даярлықты қалыптастырады. Қазақстан Республикасының қуаттылығын нығайту мақсатындағы барлық шығармашылық пен рухани күштерінің біріктірілуін және балалар лагерьлері жағдайындағы ұлтжандылық тәрбие жүйесінің негізгі даму жолдарын анықтайды.

Төменде бүгінгі таңдағы осы бағыт бойынша басымдылық танытқан бағдарламалардың мақсаты мен міндеттерін, бағдарламаны іске асыру тетіктерін және аяқтау түрлерін қысқаша түрде ұсынамыз.

Бағдарламаның аталуы	Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын!
Мақсаты мен міндеттері	Азаматтық, ұлтжандылық мағынасын сезіну, қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына, еліміздің мемлекеттік билік органдарына құрмет білдіруге баулу; өз елінің болашағы мен тарихи тағдырына қатысы бар екендігін тәрбиелеу, белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Еліміздің Ата Заңының негіздерін, тарихи, өлкетану, мұрағат материалдарын, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін, еліміздің негізгі бағдарламалық құжаттарын, әйгілі мемлекеттік қайраткерлерді оқып білу.
Аяқтау түрі	Ток-шоу, әдеби-музыкалық композициялар, мерекелер, қойылымдық көріністер, рөлдік ойындар, «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын!» атты плакаттар жарысы.

Бағдарламаның аталуы	Еліміздің мемлекеттік рәміздері және мерекелері
Мақсаты мен міндеттері	Мемлекеттік рәміздерге (Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, Туы, Әнұраны) және мемлекеттік мерекелерге құрмет білдіруге тәрбиелеу.

Иске асыру тетіктері	Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздер тарихын, авторлар ой-түйіндерін, түрлі іс-шаралар өткізгендегі мемлекеттік рәміздерді пайдалану ережесін, мемлекеттік мерекелер мен ел тарихының маңызды күндерін оқып білу.
Аяқтау түрі	Мемлекеттік рәміздер мен Қазақстан Республикасы тарихының маңызды күндерін білгіштерінің байқауы; ел мемлекеттік мерекелерінің көріністік қойылымдары.

Бағдарламаның аталуы	Қазақстан – біздің ортақ үйіміз!
Мақсаты мен міндеттері	Қазақстандық этносаралық келісім моделін, кеңінен тарату; төзімділік пен ұлтжандылық, Қазақстан халықтарының Ассамблея жетістіктерін кеңінен тарату.
Иске асыру тетіктері	Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылу тарихы мен негізгі жұмыс бағыттарын; Қазақстан Республикасы халықтарының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, ұлттық мерекелерін оқып білу; өлеңдері мен билерін үйрену; ҚР халықтарының қолданбалы өнер бұйымдарын шығармашылық шеберханаларында жасау.
Аяқтау түрі	Қазақстан халықтары достығының «Біз көптүрлілігімізбен бірыңғаймыз!» атты фестивалі, жасақтық қабырға газеттерін шығару, асфальттағы суреттер байқауы, «Менің қалам» атты суреттер сайысы, ҚР халықтарының өлеңдер байқауы; қолданбалы өнер бұйымдарының көрмесі.

Бағдарламаның аталуы	Менің азаматтық құқықтарым мен міндеттерім
Мақсаты мен міндеттері	Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары туралы білім беру және ата-заңдық құқық пен міндеттерді орындау жауапкершілігін қалыптастыру

Иске асыру тетіктері	Қазақстан Республикасы Ата Заңын оқып білу, заң бұзушылықты алдын-алу, балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын сақтау, денсаулығын қорғау бойынша қазақстандық және халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттарды оқып білу.
Аяқтау түрі	Кездесулер, «Сен үшін ел не істеп жатқанын біліп, сенің ел үшін не істейтіндігіңді айт» тақырыбы бойынша диспут.

Бағдарламаның аталуы	Жайнай бер, Елордам – Астанам!
Мақсаты мен міндеттері	Әлемдік мәселелерді шешудегі бірден-бір жас және белсенді астаналардың бірі ретінде Астананың биік бедел-бейнесін және оған деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.
Иске асыру тетіктері	Қазақстан Республикасының елордасын Астанаға көшіру туралы тарихи құжаттарды оқып білу; халықаралық сәулет жобалары; Астанада өткен тарихи халықаралық саммиттер, симпозиумдар, форумдар, конференциялар; Астанадағы Оқушылар сарайы, балалардың сауықтыру және мәдени-бос уақытын қамту орталықтары.
Аяқтау түрі	Плакаттар мен суреттер байқауы; Алматы мен Астана туралы өлеңдер байқауы; «Елордам - Астанам!» атты әдеби композиция; танымдық викторина.

Бағдарламаның аталуы	Көшбасшылар мен белсенділер мектебі – «Жас ұлан» және «Жас қыран»
Мақсаты мен міндеттері	Қазақстан Республикасы жастарының бәсекеге қабілеттілігін және көшбасшылық әлеуетін қалыптастыру мақсатында саяси білімдері мен мәдениетін көтеру, балаларды жастар ұйымдарында белсенді қызмет етуге тарту.
Иске асыру тетіктері	«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ББЖҰ РҚБ бағдарламасын, қабылдау және қызмет ережелерін оқып білу, өңірлік үйлестірушілермен кездесулер ұйымдастыру.

Аяқтау түрі	«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ББЖҰ РҚБ қатарына салтанатты қабылдау, ұлтжандылық өлеңдер мерекелік концерті.
Бағдарламаның аталуы	Жерлестерім – мақтанышым!
Мақсаты мен міндеттері	Өзінің кіші Отаны мен жерлестеріне мақтаныш тұту мен құрмет көрсетуді қалыптастыру; ұрпақтар арасындағы мирасқорлықты орнату.
Іске асыру тетіктері	Туған өлкенің табиғатын, мәдениеті мен тарихын, ескерткіштері мен көз тартарлық орындарын, даңқты істер жылжазбасын оқып білу.
Аяқтау түрі	Фотокөрме, слайд-шоу, туған өлке мен отанымыздың аяққа тұруы мен дамуына елеулі үлес қосқан жерлестермен кездесулер; әңгімелер, диспуттар; өлке тарихы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге материалдар жинау.

Көркем-эстетикалық бағыттағы бағдарламалар

Педагогикалық мақсаттылығы:

Көркем шығармашылық шеңберіндегі сабақтар балалардың көзқарасын кеңейтіп, олардың қабілеттерін оятады, практикалық қызметтегі қолданыс табатын айқындау мүмкіндіктерін кеңейтеді, музыка, сөз, қимыл, би, сызық және түс, театрлау, түрлі табиғи және тағы да басқа материалдар (мата, металл, ағаш, саз балшық, ермексаз, пластик, қағаз және т.б.) арқылы әсемдіктің көп қырын ашу мүмкіндіктерін береді.

Мақсаты:

Каникул кезеңінде демалыс пен сауықтыру жағдайларындағы көркем шығармашылық саласында өзін-өзі іске қоса алатын үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- көркем мәдениетін қалыптастыру;
- бірлескен ұжымдық қызмет арқылы балалар мен жасөспірімдерді көркем шығармашылықтың негізгі түрлеріне баулу жолымен қолданбалы дағдыларды қалыптастыру;
- қоршаған ортаға балалар мен жасөспірімдердің эстетикалық қатынасын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

– сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасаудағы құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік білім беру рөлі қазіргі таңда едәуір өсуде, сондықтан да эстетикалық тәрбиенің барлық тәсілдерін дамыту қажет, оның ішінде, ерте балалық шағында қызығушылық пайда болып, бүкіл мектепалды балалық шағынан өтіп, одан соң да дамып тереңделе беретін бейнелеу қызметі.

Осы бағыт бойынша басымдылық танытқан бағдарламалардың мақсаты мен міндеттерін, бағдарламаны іске асыру тетіктерін және аяқтау түрлерін қысқаша түрде ұсынамыз.

Бағдарламаның аталуы	Ерке наз
Мақсаты мен міндеттері	Сән бағыттарын, сәндік ағымдарды, макияж техникасы және киімді сәндік әшекелеуді оқып білу; киімді модельдеу және құрастыру, макияж мәдениеті мен шаштараз өнерінің практикалық дағдыларын қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Ырғақ (актер шеберлігін және подиумдік қадамды зерттеу), визаж, шаштараз қызметін (заманауи сәндеп жасалған шаш негіздерін) оқып білу, макияж және актерлік шеберлігі бойынша шеберлік сыныбы, коммуникативтік қасиеттерін жақсарту мақсатындағы психологиялық тренингтер.
Аяқтау түрі	«Ерке наз» сұлулық мерекесі, сән шеруі, «Үздік модельер», «Үздік стилист» байқаулары.

Бағдарламаның аталуы	Ұлы дала әуендері
Мақсаты мен міндеттері	Ұлттық рухани дәстүрлерін жалғастыру негізінде тұлғаны қалыптастыру және ұлттық мәдениеті негіздерін зерттеуге деген танымдық қызығушылығын арттыру.
Іске асыру тетіктері	Атақты ақындар мен жыраулардың музыкалық мұрасын және орындау шеберлігін оқып білу сағаттары, ән салу, сахналық шеберлік және ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын қалыптастыруды үйрету.

Аяқтау түрі	Музыкалық кештер, жергілікті музыкант және ақындармен кездесулер, викториналар, мұражайлар мен көрмелерге бару.
-------------	---

Бағдарламаның аталуы	Шеберқол
Мақсаты мен міндеттері	Театрлық орындаушы қызметі, сәндік-қолданбалы шығармашылық салаларындағы оқушыларды бағыттауға жағдайлар жасау.
Іске асыру тетіктері	Шілтер, бисер тоқу, тоқу мен кестелеу жұмысы дағдыларын меңгерту мақсатындағы даярлықтар, құрылымдау, модельдеу және бұйымдарды аксессуарлармен сәндеу, подиум сәні өнерін іс жүзінде қолдану.
Аяқтау түрі	Өз ойы бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау және киім үлгілерін көрсету, эскиздік жобаларының көрмесі.

Бағдарламаның аталуы	Қажетсіз заттардан құрастырылған балаларға арналған кереметтер
Мақсаты мен міндеттері	Еңбек мәдениетінің негіздерін игеру; қағаз, мата қиығы, табиғи материалдар, тұзды қамырмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Түрлі материалдардан (қорапша, сым, жіптер, табиғи материал, фольга және т.б.) сыйкәде мен бұйымшалар, ойыншықтарды жасау халықтық дәстүрлер элементтерімен қағаз пластикасы техникасында түрлі бұйымдарды жасауды үйрету.
Аяқтау түрі	Жасақ аралық байқаулар, лагерьлік фестиваль және «Қажетсіз заттардан құрастырылған балаларға арналған кереметтер» көрмесі.

Бағдарламаның аталуы	Қуыршақтарды үш тілде сөйлеуге үйретейік!
Мақсаты мен міндеттері	Театрлық орындаушылық және сәндік-қолданбалы қызметін жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Көрнекті құралдарды (үлгілерді, иллюстрацияларды, түрлі бұйымдарды жасау

	технологиясы бойынша сұлбаларды), практикалық тапсырма-жаттығуларды (сөйлеу, қимыл, актерлік шеберлікті дамыту), сценарийлерді қолдана отырып, театрлық-сахналық шығармашылығы негіздемесінде түрлі материалдардан ойыншықтар жасау дағдыларын қалыптастыру сабақтары.
Аяқтау түрі	Үштілді қуыршақ театр қойылымдарының тұсаукесері.

Зияткерлік дамыту бағдарламалары

Педагогикалық мақсаттылығы:

Адам өмір сүріп жатқан әлем күннен күнге қиындап қарама-қарсылықтары көбейіп барады. Өзгермелі әлемдегі меншікті өмір сүру ойшыл стратегиясын жасау үшін, қазіргі адам өзінің зияткерлік әлеуетін дамыту қажеттілігін сезініп отыр. Бұл әлемде тірі қалу мен жұмыс жасаудың ең басты шарты әлемді ғылыми түрде тану әдісін немесе зерттеу үлгісін меңгеру болады.

Елбасымыз «Зияткерлік ұлт – 2020» жалпыұлттық идея жобасын ұсынды. «Біздің жастар білім алуды ғана емес, жаңа білімді жасай алатынын мақсат тұтуы қажет. Бүгінгі таңда ең құнды білім – креативтік ойлау, білімді қайта өңдей алу, жаңа шешімдер, технологиялар, инновациялар тудыра білу болып тұр», - деп атап көрсетті.

Мақсаты - балалар мен жасөспірімдердің демалу мен сауықтыру жағдайындағы зияткерлік-шығармашылық әрекеттесу мен бір-бірін байытуға әлеуметтік-білім беру кеңістігін құру және дамыту.

Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің тіршілік әрекеттерін жалғастыру үшін зияткерлік даму қажеттілігін ұғынуға ынтасын көтеру;

- каникул кезеңіндегі балалар мен жасөспірімдердің демалу, сауықтырылу және жұмысбастылығы жағдайындағы зияткерлік тәрбие түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- балалар мен жасөспірімдердің еңбек мәдениетін көтеру;
- шығармашылық және танымдық қызметіндегі құзыреттілігін дамыту;
 - балалар санасында біздің қоғамымыздағы ғалым және шығармашыл тұлғаның оңтайлы имиджін қалыптастыру;

– зияткерлік-шығармашылық қызметпен айналысатын балалар мен жасөспірімдер санын арттыру.

Зияткерлік тәрбие деп оқу-тәрбие жүйесінің әрбір баланың зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту мақсатындағы жеке-дара педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін түрін айтады. Сонымен, оқыту міндеттері үйлесімді түрде тәрбиелеу міндеттеріне айналады, ал тәрбие міндеттері оқытудың мазмұны мен әдістеріне айналуымен айқындалады.

Зияткерлік тәрбиенің түрлері, әдістері және міндеттері демалушылардың тұлғалық дамуында жас ерекшеліктерін ескереді және қызметтің эмоционалды, ынталандырушы және зияткерлік аспектілерін қалыптастырады.

Каникул кезеңінде эрудиция, ойлау және танымдық қызметінің белсенді түрлерін ойынға сүйене отырып, оқу элементтерін тізбектеп қосу арқылы ойыннан оқуға ауысуды бала үшін қолайлы ете отырып дамытқан маңызды. Бұл кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалыс және сауықтыру лагерьлерінің үйірме және секцияларында жобалау негіздеріне, ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларға, топта жұмыс жасау қабілетіне, өз бетімен шығармашылық белсенділігін ынталандыру мүмкіндіктеріне ие бола алады.

Балалар және жасөспірімдер топтарының түрлі жасты құрамы қолжетімділік, сабақтастық, мазмұндылық, оқу-дамытушылық жағдаяттар түрінде қарастырылып отырған әлеуметтік сұрақтарының кеңдігін анықтайды.

Осыған орай, баланы зерттеу қызметіне даярлау, зерттеу ізденісінің білік пен дағдыларына үйрету каникул кезеңіндегі балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын ұйымдастырудың жаңа түрлерінің көкейкесті міндеттері қатарына шығарылады.

Бала өз табиғатында зерттеуші және зерттеу ізденісі оның ажырамас табиғи қасиеті. Жаңа әсерлер алу, білімқұмарлық, бақылау мен тәжірибе жасауға тұрақты ұмтылысы, әлем жайлы жаңа деректерді өз бетінше іздеу дәстүрлі түрде бала дамуының ең маңызды белгілері ретінде қарастырылады.

Зерттеу, іздену белсенділігі – баланың табиғи күйі; ол әлемді тануға даяр, ол әлемді танығысы келеді. Бала белсенділігі оның зерттеу мінез-құлқысының негізін құрайды, баланың әлем туралы білім алуының маңызды көзі және өзіндік дамуының маңызды шарты болып табылады.

Қазіргі таңда бүкіл әлемде дарындылық мәселесі өзектілікке айналуға бастады. Бала қабілеттерін анықтау және дамыту олардың дамуының, білім алу және тәрбиеленуінің барлық баспалдақтарында жүргізілуіне тиісті. Осыған байланысты, дарынды балаларды демалыс жағдайында дамытуда аса рөлге арнаулы бейінді лагерьлер ие болады. Онда

балалардың зияткерлік дамуының жаңа әдістері мен түрлері ресми мақұлдаудан өтеді.

Бейінді лагерьлерде ақпараттық кеңістік білім беру ортасының елеулі құрамдас бөлігі ретінде балаға қызмет түрі мен мазмұнын, сол қызметке өзінің қатысу түрін таңдауға мүмкіндіктер туғызады.

Қашықтықтан оқыту түрлеріне маңызды рөл берілген. Балаларды білім беретін интернет-ресурстарымен таныстырады (алдын-ала даярланған қашықтықтан өткізетін олимпиадалар, жобалар байқаулары, түрлі деңгейдегі викториналар). Білім алушылар олимпиадалық жаттығу тапсырмаларын он-лайн тәртібінде орындау, қашықтықтан өткізетін пәндік олимпиадаларға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Осылар сияқты қызметке қатысу арқылы тәжірибе жинақтау өздерінің зияткерлік ресурстарын ашып пайдалануға пайдасын тигізеді.

Балаларды мақсат қоюға үйретіп, біздер олар өз зияткерлік дамуының траекториясын құра алады деп күте аламыз, өз кезегінде, бұл алдыңғы уақытта олимпиадалық қозғалыстарға қатысып, пәнді болашақта тереңдете оқуға ынталандыруда септігін тигізеді.

Бейінді лагерь жұмысының шеңберінде ауысымға қатысушыларды білім беру нарығымен еліміздің жоғары оқу орындарының тұсаукесері арқылы таныстырған да жөн.

Бейінді лагерь қызметі қалай ұйымдастырылған екен? Күннің бірінші жартысында балаларды таңдаған бейіні бойынша пәнге кіріктіру жүргізіледі. Түскі астан соң қызмет түрін ауыстыру көзделген – жобалар тұсаукесері, сан түрлі зияткерлік ойындар, байқаулар, викториналар, спорттық және шығармашылық іс-шаралар жүргізіледі.

Оқулық қызмет барысында балалардың пәндік топтары мұғалімдер жетекшілігімен нанотехнологиялар, роботты техника, химия, биология, физика, математика, информатика, компьютерлік графика, программалау салаларындағы ғылыми-зерттеушілік жобаларымен шет тілін қоса жұмыстарын жүргізеді.

Оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру түрлері ретінде лекциялар, практикумдер, оқулық экскурсиялар, шеберлік сыныптары, демонстрациялар, техноертегілер, ғылыми-зерттеу жобаларымен жұмыс жасау жүргізіледі. Жобаларды қорғау дәстүрлі түрде ғылыми-практикалық конференцияларда лагерь ауысымының соңында өтеді, қорытындылау бойынша әділқазылар жүлделі орындардың жеңімпаздарын анықтайды.

Айтарлықтай қызығушылықты ғылыми-техникалық шығармашылық дағдыларын қалыптастыратын, балалардың құрастыру қабілеттіліктерін, техникалық ойлауын дамытатын, техникалық шығармашылыққа, роботты техникалық, нанотехнологиялық және т.б. лагерьлер сияқты қызығушылығын оятатын жаңа бағыттағы бейінді лагерьлердің бағдарламалары тудырады.

Бағдарлама мақсаттары: балалар мен жасөспірімдерге роботты техника негіздерін оқыту; IT-технологияларға өндірістік көзқарас қалыптастыру.

Танысу қазақстандық және әлемдік ғылымдарының тұстас күйі, роботты техника және балалардан тапқырлықты, экспериментті ұйымдастыру және қорытындыларын талдау білігін талап ететін зияткерлік ойындар өткізу саласындағы басымды инновациялық жобалар жайлы әңгімемен басталады. Ойын барысында бағдарламалар қызметінің ұстанымдарын, басқарып отырған роботтарының тәртібін талдай отырып шешу керек. Мұндай ойындар программалау тілдерін білуді қажет етпейді, сондықтан, мұнда лагерь кіші жасақтарының балалары да (1-3 сынып оқушылары) қатыса алады.

Теориялық сабақтарда жастарына және жалпы теориялық даярлықтарына қарай балалар ауыспалы, алгоритмдік конструкциялар сияқты жаңа ұғымдармен танысады, олимпиадалық деңгейдегі есептер шығарып үйренеді, бірнеше робот өзара қарым-қатынастар құра алуы үшін бағдарламалар жазып үйренеді.

Роботты техника курсы LEGO Mindstorms NXT 2.0 жиынтықтарын және программалаудың NXT 2.0 Programming визуалды ортасын қолдануға негізделген. Оны 6-9 сынып оқушылары игере алады. Балалар мен жасөспірімдер роботтарды адам өмірінің түрлі саласында қолданумен және роботты техника мағынасымен танысады, ең қарапайым механизмдерден бастап құрастырулар мен роботтарды программалаумен айналысады.

Балалар мен жасөспірімдер қызметінің соңғы қорытындыларын «Құрылым ерекшелігі», «Құрылым күрделілігі», «Жазылған бағдарламаның күрделілігі» және т.б. номинациялар бойынша шығаруға болады.

Нанотехнология бағдарламаларының мақсаты – нанотехнологияны қазақстандық басымдылық жобаларының бірі ретінде көпшілікке насихаттау, балалардың болашақ кәсіптік қызметі болуы мүмкіндігін ашып, базалық жаратылыстану пәндерін тереңдетіп оқу қажеттілігін түсіндіру.

Зияткерлік ойындар баланың танымдық қызметін дамытуға арналған, мұнда нәтижеге жасөспірімнің ойлау қабілеттілігінің, эрудиция мен зерделігі арқасында жетуге болады.

Зияткерлік ойындардың жақсылығы олар өз бойында ойынның да оқыту қызметінің де белгілерін біріктіреді. Олар баланың теоретикалық, логикалық, шығармашылық ойын дамытады; түсініктерді тұжырымдау, негізгі ойлау операцияларын орындауды (жіктеу, талдау, синтез және т.с.с.) талап ету арқылы зейінділікті, елестету, реакция, есте сақтау, зейінін дамытуға ықпал білдіреді; теория, қорытындылау, әдеттегіден тыс және өзіндік идеяларды құруға баулиды. Бұл дарынды балалардың

зияткерлік-шығармашылық әлеуетінің ашылуына оңай және емін-еркін түрде итермелеуші миға шабуылы.

Сонымен қатар, топтық түрде жүргізілуіне байланысты зияткерлік ойындар коммуникативтік дағдылардың қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Бейінді лагерьлерде балалар пікірлестерінің арасындағы жайлы ортада болғаны олардың тұлғалық ашылуына, өзін-өзі бағалауының артуына және зияткерлік өсуіне үлкен серпініс береді.

Брейн-ринг – зияткерлік ойындардың бір түрі, мұнда командалар сұраққа жауап берумен қатар қарсыластарынан бұрын болуын да естен шығармауы керек. Әдетте бір сайыста екі команда жарысады, бірақ, бұл ойынның басқа бір түрлерінде командалар саны одан да көп болуы да мүмкін.

Брейн-рингтің әрбір кезеңі бірнеше сайыстан тұрады. Сайыс – командалардың бірі белгілі бір ұпай санын жинағанша тоқтамайтын жеке жарыс. Әр сайысқа 6 адам құрамындағы 2 команда қатысады: мысал үшін, біреуі қызыл үстелді айнала отырса, екіншісі – жасылды. Екі үстелде де бесінші мен алтыншы ойыншылардың арасында батырма бар.

Әрбір сайыста бірінші сұрақ бір ұпай тұрады. Жүргізуші сол сұрақты қойған соң, қоңырау беріледі де, командалар жауап табуға кіріседі.

Жауап беру құқығына батырманы бірінші болып басқан (немесе қолын көтерген) команда иеленеді, бірақ егерде команда батырманы (қол көтеруді) сигналдан бұрын басса, онда ол келесі жауапқа жауап беру құқығынан айырылады. Егер жауап дұрыс болмаса, онда келесі команданың ақылдасуға қосымша 60 секунд (немесе басқа) уақыт пайда болады. Егер екінші команда да дұрыс жауап бере алмаса, онда жүргізуші дұрыс жауапты жариялайды, бұл сұрақ келесі сайысқа ауыстырылады. Ал келесі сұрақ енді бір ұпай артық тұрады. Егер екінші сұраққа да дұрыс жауап берілмесе, онда келесі сұрақ үш ұпаймен бағаланады, ал оған да дұрыс жауап табылмаса, онда екі команда да ойынды тоқтатады.

Дұрыс жауап берген команда жарияланған ұпай санына ие болады да, (ерекше жағдайды ескермегенде), келесі сұрақ 1 ұпай тұрады.

Матчта жеңіске жету үшін команда 5 ұпай жинауы керек, шешуші ойындарда екі сайысты 5 ұпайдан ұтып шығуы керек, немесе сайыстар бойынша жалпы 1:1 санында 1 шешуші сұраққа жауап берілуі тиіс.

ВИКТОРИНА – зияткерлік ойынның түрі, мұнда жеңіске ең көп ұпай жинаған ғана қол жеткізеді.	СТРАТЕГИЯ – зияткерлік ойынның түрі, мұнда өз амалдарын неғұрлым тиімді жоспарлай алған қатысушылар ғана жеңіске қол жеткізе алады.
--	---

Тесттік викторина (қатысушылар сұрақтарға жауап беріп, баға алады): «О, бақыт иесі!», «Не? Қайда? Қашан?»	Сюжеттік викторина (ұйымдастырушылар сюжет ойлап табады, мыс., ат жарысы, ғарыштық саяхат, теңіз регатасы).	Рөлдік стратегия (тапсырған рөлді ең жақсы орындаған қатысушы ғана жеңіске қол жеткізе алады): «Экспромт-театр	Экономикалық стратегия (ұтымды сату мен сатып алу арқылы ғана жеңіске қол жеткізуге болады): «Менеджер»	Жаугерлік стратегия (қарсыласын жеңу стратегиясын дұрыс құра алған ғана жеңіске қол жеткізе алады): Шашка, Шахмат
---	---	--	---	---

Нақты тәжірибеде зияткерлік ойындардың құрамдастырылған түрі кеңінен орын тапқан. Көбінесе, бұл экономикалық стратегия элементтерінен құралған сюжеттік викториналар болып кездеседі.

Зияткерлік ойындардың ерекшелігі – қатысушыларға ұсынылатын сұрақтардың болуы. Сондықтан, осындай ойындарды ұйымдастырушылардың алдында тұрған басты маңызды мәселе – сапалы таңдалып құрастырылған сұрақтар.

Зияткерлік ойындардың сұрақтары мен тапсырмаларының жіктелуі

РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ	ШАРТПЕН РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ	РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ
Тапқырлықты анықтайтын сұрақтар. «Белгілі туралы белгісіз» сияқты сұрақтар. Логикалық және ассоциативтік ойлау. «Тәуекел» сұрақтар. «Жуықтау» сұрақтар.	Еске түсіру сұрақтары. «Айлакер» сұрақтар. Түгендеп шығу сұрақтары. Ұзақ жауап талап ететін сұрақтар.	Ұтыс ойын-сұрақтар.

Жетістіктерді деңгейлеп салыстыру және сандық бағалаудан бас тартуға мүмкіндіктер беретін шығармашылық қызметінің басымдылығы – дарынды балалардың демалыс жағдайындағы зерттеу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тағы да бір артықшылығы.

Сонымен, дарынды балаларға арналған бейімді ауысым – олардың әлеуметтік бейімделу, зияткерлік өсу мүмкіндігіне; көзқарас, эрудиция және креативтікті кеңейтуге; өзін-өзі, өз қызығушылығын және мүмкіндіктерін түрлі қызмет арқылы тануға; пәндерді терең оқып білуге

бағытталған өзіндік ерекшеліктері бар мектеп. Бұл дарынды балалармен жұмыс жасау жүйесінің маңызды бір түрі.

Бағыт бойынша басымдылық танытқан бағдарламалардың мақсаты мен міндеттерін, іске асыру тетіктерін және аяқтау түрлерін қысқаша түрде ұсынамыз.

Бағдарламаның аталуы	Зияткер
Мақсаты мен міндеттері	Зияткерлік қызметтің әр түріне қатысу арқылы әлеуметтік өмірдің сан түрлі тәжірибесіне балаларды баулу.
Іске асыру тетіктері	Кітапхана каталогтарымен, анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасауды, интернет-ресурстарын пайдалануды үйрету; зияткерлік және жобалау қызметінің сан түрлері мен үлгілерімен және тапсырмаларымен таныстыру; топтық жұмыс.
Аяқтау түрі	Тіршілік әрекетінің сан түрлерінде құзыреттілігін анықтаушы зияткерлік турнирлер мен сайыстар.
Бағдарламаның аталуы	Ғаламда робот қадам басып келеді
Мақсаты мен міндеттері	Қазақстандық инновациялық басымдылық жобалар - робототехника мен нанотехнологиялардың теориялық және техникалық негіздерін зерттеу.
Іске асыру тетіктері	Робототехника қашықтықтан оқыту курстарында оқу, робототехниканың теоретикалық негіздерін зерттеу, практикалық сабақтар жүргізу, топта жобалар тапсырмаларын орындау, шебер-сынып үлгісінде сабақтар жүргізу, тренингтер, іскерлік ойындар, идеялар аукциондары.
Аяқтау түрі	Робототехника бағдарламаларын жасау және тұсаукесерін өткізу; робототехника бойынша қашықтық олимпиадаларына қатысу; техникалық шығармашылық «Нано-ға байланысты барлығы...», «Көмекшім – робот!» байқаулары.

Бағдарламаның аталуы	Бейінді лагерь жағдайында дарынды балалардың шығармашылық қызметін ұйымдастырудың жаңа түрлері
Мақсаты мен міндеттері	Психореттеу және психологиялық тұрақтылықты орнату дағдыларына дарынды балаларды үйрету, әлеуметтік-маңызды ортаға бейімделу машықтарын қалыптстыру; бейіні бойынша арнаулы пәндерді оқып білу; тұсаукесер, сөз және ғылыми жазу мәдениетін дамыту.
Іске асыру тетіктері	Таңдаған бейіндері бойынша пәнге тереңдеу, пәнара-лық зерттеу қызметі, зерттеу және жобалау әдістерін оқып білу, топта мәселелер мен есептерді шешу әдістерін үйрету, білім беру интернет-ресурстарын тиімді пайдалану амалдарымен таныстыру; білім беру қызметінің нарығымен таныстыру.
Аяқтау түрі	Он-лайн тәртібіндегі жаттықтырушы олимпиадалық тапсырмаларды орындау; қашықтық пәндік олим- пиадаларға қатысу, жобалар тұсаукесері, сан түрлі зияткерлік ойындар, инновациялық идеялар мен түпкі ой байқаулары; семинарлар және жобаларды қорғау; қолданбалы есептер байқауы; инновациялық жобалар байқаулары және мини-жарыстар.

Бағдарламаның аталуы	Балалардың демалу жағдайындағы әлем танудың жобалау әдісі
Мақсаты мен міндеттері	Балалар мен жасөспірімдерді өзін-өзі және қоршаған әлемді тану жобалау-зерттеушілік қызметіне қосу, тұсаукесер мәдениетін қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Зерттеушілік қызметін тізбектей жобалауды үйрету: ақпаратты қайдан іздеу, білімдер мен дағдыларды іс жүзінде қалай қолдану; қандай да мәселелерді шешу үшін білімдерін нақты өмірден алған өз тәжірибеле-рінен іздеуге балаларды үйрету. Нәтижесінде нақты күтілген қызмет туындысы жасалуы керек.
Аяқтау түрі	Ғылыми жобалар байқауы: қызмет туындысының тұсаукесері.

Бағдарламаның аталуы	Өнердің театр, көркем, әдеби жанрларындағы адамның өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын және түрлерін іздеуі
Мақсаты мен міндеттері	Кино, театр, кітаптар ғажайып әлемі арқылы балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін ашу; оқу, сөз, диалог, пікірталастар жүргізу мәдениетін дамыту.
Іске асыру тетіктері	Әдеби шығармаларды оқып білу; бір идеяны бейнелеудегі жазушы, сценарийші, қоюшы-режиссер әдіс-амалдарын салыстыру; жазушылар, ақын, театр және кино актерлері, режиссерлар, суретшілермен кездесу.
Аяқтау түрі	Конференциялар, диспуттар, идеялар тұсаукесері.

Бағдарламаның аталуы	Қызықты кітаптардың ғажайып әлемі
Мақсаты мен міндеттері	Баланың танымдық мүмкіндіктерін оқу және жазу арқылы дамыту; оқу, жазу, қарым-қатынастар құру мәдениетін, оқу үрдісіндегі талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру.
Іске асыру тетіктері	Топта және «Мен әлемді танудамын», «Тірі кітап» кітап оқуды сүйушілер клубы, секцияларда жұмыс жасай отырып оқи алу, өз пікірін айта білу, басқаларды тыңдай және есіте алу; «Ақ желкен», «Мөлдір бұлақ», «Темір қазық», «Экоәлем», «Соқпақ» қазақстандық балаларға арналған газет пен журналдарға шолу.
Аяқтау түрі	«Мен Алдармын, Алдармын...»; «Ертегі кейіпкерін танышы!» атты викториналар, ойындар, байқаулар; «Анау өткен заманда...» атты қиялшылдар мен ертегі құрастырушылардың танымдық-көңіл көтеруші ойындары; оқырмандардың «Қызықты кітаптардың ғажайып әлемі», «Атамның ертегілері», «Әлемді таны: табиғат жайлы бес кітап» бенефисі; сүйікті кітаптар суреттерінің көрсетілімі.

Жобалау қызметі – ол оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойындық, жалпы нәтижеге жетуге бағытталған, жалпы мақсаты, үйлестірілген әдістері мен амалдары бар бірлескен қызмет.

Жобалау қызметінің міндетті шарты – қызметтің аяқталған өнімі, жобалау кезеңдері (тұжырымдама жасау, жобаның мақсаты мен міндеттерін, қолжетімді және тиімді қорын анықтау, қызметті ұйымдастыру жоспары мен бағдарламасын құру), жобаны жүзеге асыру, әдістемелерді таңдау ұстанымдарын бөліп алу, күтілетін нәтижелерді анықтау, қажетті ресурстарды іріктеу, ойға сіңіру мен рефлексия жайлы алдын-ала қалыптастырылған көзқарастарының болуында.

Жобалау әдісі – мәселені шешудегі жекешеленген, жұптасқан және топтасқан түрдегі өзіндік жұмыс, ол бір жағынан, оқытудың сан түрлі әдістері мен амалдар жиынтығын қолдануды, ал екіншісінен – білім мен білікті іс жүзінде кіріктіруді алдын-ала ескеруге бағытталады.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері айтарлықтай болуы тиіс, демек, ол теориялық мәселе болса, онда шешімі нақты; ал практикалық болса – онда нақты, шынайы өмірде қолданысқа даяр нәтиже.

Бос уақыттағы мәдени қызмет бағдарламасы

Педагогикалық мақсаттылығы:

Балалардың жазғы демалысындағы бірден-бір атқаратын қызметі бос уақытты мәдени ұйымдастыру жұмысы болып табылады. Баланың бос уақытындағы қарым-қатынасқа жағдай жасау арқылы баланың тұлғалық болмысы: ақпараттармен алмасу, білімділік тәжірибемен алмасу, дағдыландыру, бағалау, саралау, ойлау, қызметтің нәтижелері; жалпы қызығушылықтың негізіндегі құрылымдар мен үрдістердегі ресми емес қоғамдық үрдістерге қатысуда; жекелеген және топтық ынталандыруды сирек болса да оны жүзеге асыруға болады.

Мақсаты – жалпы мәдени оқуды дамыту үшін жағдай жасауға, олардың жекелеген шығармашылығын жетілдіру, «Мен» деген тұжырымның жағымды жақтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалардың әлеуметтік белсенділігін дамыту;
- олардың қолынан келетін ісінің жүзеге асыруына мүмкіндік беру дағдыларын жетілдіруге және оның өз шығармашылығын әр қырынан жүзеге асыруына мүмкіндіктер туғызу;
- әлеуметтік бейімділікке қабілеттендіру.

Күтілетін нәтижелер:

- баланың жас ерекшелігіне орай балалардың бос уақытының құндылығын, тұлғалық өзін-өзі жүзеге асырудың және жетілдіру үшін мағынасын түбегейлі ойлау;

- бос уақытта олардың қабілеттерін жүзеге асыру мен олардың шешу жолдарының мүмкіндігін олардың өз қолдарымен шешуге болатынын ұғындыру;

- бос уақытты өткізудің түрлері мен қолданудың болмысын жағдайға байланысты өзгертуге болатынын ұғындыру;

- бос уақытты түрліше өткізу мен мазмұнды ұйымдастырудың дағдыларын балалардың тәжірибесінде қолдануға оларды бағыттау;

- көзбен көру мәдениетінің негізінде, қарым-қатынас құралдарының басты қажеттіліктерін балаларға игерту;

- қатарластары мен ересектермен өзара қарым-қатынастағы мәдени байланыстың қажеттілігінің салмағын арттыру;

- балалардың қатысуымен өтетін бос уақыттағы лагерьдегі, топтағы көпшілік шаралардың негізіндегі хал-ахуалды меңгерту;

- (жазғы лагерь өміріндегі экспедициялық, көп күндік жорыққа бірлесу жағдайында) тұрмыстық мәдениеттің негіздерін меңгеру.

Бос уақыттағы мәдени қызмет жалпы лагерьдегі және топтағы іс шаралардан (суретшілердің, жас ақындардың шығармашылық байқаулары, айтыстар, суретті плакаттарды дайындау жарысы, театрланған ойын ойнау бағдарламаларынан) құралады.

Әр түрлі бағыттағы іс-шараларды дайындауда меңгерген жаңа білімдері (викториналар, байқаулар) баланың дүниетанымын байытады, өз кезегінде ұжымның құрамындағы әр баланың жеке басындағы өзгерістер байқалады.

Бос уақыттағы мәдени қызметтің құрамына: көңіл көтеру, демалыс, өз білімін арттыру, шығармашылық, қарым-қатынастар енеді. Бос уақыттағы мәдени қызметті ұйымдастырудың вариативті және интегративті қызметі кеңінен орын алған: бұл қызметтің түрі жекелеген сияқты ұжымдықта да үйлесімді; оның негізінде тұлғаның белсенділігі, бағыттарды таңдауы, нұсқаларды қарым-қатынастық жағдайда жүзеге асыру мақсаты, көңіл көтеру, демалыс, шығармашылық болады. Мұның бәрі қоғамдық-пайдалы іске бағытталған және танымдық мінезге тән құбылыс.

Бос уақыт қызметінің негізгі әдістемесі: ойындар және ойын жаттығулары, театрланған шаралар, айтыс-жарыстар, теңестірілген-рухани байланыс, тәрбиелік мәні бар әрекеттер, суырып салушылық.

Ойынның әдістері мен ойын жаттығулары. Ойын – балалар үшін дербес және заңдылық әрекет, олар үшін қызметтің ең маңызды түрі, бәріне және бәрімен бірдей тең болатын іс.

Ойын, бала үшін ертегі, мультфильм сияқты, баланың өмірінде күнделікті жиі-жиі қайталанатын оның бейне бір жаттықтырушысы іспетті. Ойын балаға жақын әрі таныс тәрбиеші, ойын арқылы бала өзінің қызығушылығын, болмысын айқын көрсете алатын құбылмалы құрал.

Бала ойын арқылы қатарластарының арасында өз таңдауын жасай алады, өзіне жағатын немесе жақпайтын құбылысын жылдам ажырата алады. Ойын баланың білімін, зияттылығын, күш-жігерін анықтайды. Ойын арқылы бала өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің деңгейін көрсете алады. Ойын баланың күш-қуатын анықтайды: ептілік, күш, төзім, өзіндік үйлесімділігінің қабілетін көрсетеді.

Театрланған әдіс. Баланың бос уақытындағы рөлдік ойындардың көптеген және шексіз әлеуметтілігін көруге болады. Балалардың ресми емес қарым-қатынастағы көңілді отырыс тәріздес болуы мүмкін: «көгілдір алау», «теңіздегі топтық каюта»; «театрланған қонақ үйі»; ұлттық тағамдар асханасы; туған күн иелерінің той кеші; әдептілік күні, «достардың құшағында».

Театрланған әдіс түрлі костюмдерді, ерекше сөздерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Театрланған әдіс түрлі балаларды түрлі жағдайда бір-бірімен жақын танысуға, жақын араласуға бейімдейді.

Жарыстыру әдісі. Баланың нағыз артықшылығы осы жарыста. Жарыс баланың шығармашылық ішкі күшін бұрап тұратын «серпігіш», оның іздену ынтасын, жеңіске жетуге деген ұмтылысын айқындайтын тылсым күш. Жарыс баланың рухани қулықтылығынан басқа барлық шығармашылық болмысын қоздыратын күш.

Рухани байланысты теңестіру әдісі. Бұл әдіс ересектердің іс-әрекетінің, қызметінің негізіндегі басқалармен бірлескен, бәрімен «теңескен» деген мағынаны ұғындырады. Педагогтер мен балалар – адамгершілік, жариялылық қарым-қатынастарға негізделген шығармашылық бірлестіктер мен клубтардың тең құқылы мүшелері.

Іс-әрекетте тәрбие беру әдісі, өзін-өзі жүзеге асырудың барысында өмірдің ағымына қарай сенім білдіру, көңіліне кір түсетіндей сенімсіз болу немесе табысты ұйымдастыру, жұмыс барысында өзін-өзі жүзеге асыру, т.б. болады.

Суырып салма әдісі. «Импровизация» ағылшын тілінің «Импрум» сөзінен шыққан – өзін-өзі тексеру, жақсарту, жетілдіру деген мағынаны береді. Барлық баланың бойынан суырып салу әдісін көруге болады, баланың өмірі суырып салушылыққа толы. Оның суырып салушылық құлқында қимыл-әрекеттер басым болады. Сондықтан да балалар біреудің ықпалына тез көндіреді. Сананың түрлі ырғақтығынан бала бір ықпалдан келесі бір ықпалға тез беріледі. Нәтижесінде қолданылып жүрген әдіс осы әрекетке өзіндік әрі үйреншікті әсерін тигізеді.

Суырып салушылық – бұл алдын-ала дайындалған немесе әдейі ойлап тауып тәжірибеде, шығармашылықта қолданған қимылдың қызметі емес. Суырып салушылықтың қоры авторлық бастаманың басты белгілеріне ұқсас.

Осы орайда ұжымдық-еңбек ету сияқты қызметтің түрлері: (өзара қарым-қатынас) іспетті ұйымдастыру әдісі; (әңгімелер, дәрістер) іспетті саяси-қоғамдық әдісі; (бала қоршаған ортаны білу керек) іспетті танымдық әдіс; (еңбек етуге дағдыландыру) іспетті еңбек әдісі, (сурет салу, безендіру) іспетті көркемөнер әдісі; (жаттығулар жасау, «Көңілді старт» футбол ойнау) іспетті спорттық әдістер кеңінен тараған.

Балалардың маусымдық демалыс лагерьлерінде бос уақытта ұзақ қолдануға болатын бағдарламаларды кеңінен қолдануға болады, лагерь ауысымындағы тақырыптардың негізі, осы жалпы лагерьлік көпшілік мерекелер де, барлық балалар ұжымдарының қызметтерінің бәрі ойындардың түрлерінен құрылған.

Балалармен өтетін көпшілік шаралардың негізгі ұстанымы: ақпараттардың көптігі, сезімталдығы, бұқаралығы, белсенділігі, дербестігі, кешенділігі, жекелеген ықпалы, орын басқыштығы мен ізденгіштігі арқылы баланың мәдени құндылығын, бос уақытағы тәрбие берудегі мәдени қызметтің әртүрлілігі мен вариативтілігін, өзара әлеуметтік тәжірибеге сүйендіріп қалыптастыру, бала мен жетекшінің арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Бейінді лагерьлердегі жұмысты жоспарлау әдістемесі

Тәлімгердің жұмысы – шығармашылықты үдеріс, алдын ала болжанбайтын әр түрлі жоспарлы, - жасөспірімнің тұлғалығына жеке педагогикалық тұрғыдан әсер ететін жүз баланың ұжымдық қызметін ұйымдастырудан, концерттің жүргізушілерінен спорттық төрешіге дейін немесе қысқа әңгімеден психологиялық талдау жасау. Жақсы жоспар – ойластырылған жетістіктің қайырымды жартысы. Сондықтан тәжірибелі тәлімгер өзінің қызметін жоспарлау мен оған сеніп тапсырылған жасақтағы балалардың қызметін жоспарлауға көп көңіл бөледі.

Лагерьдегі жұмысты дайындаудың жағдайымен танысу барысында, құқығы және міндеттері, күтілетін қиындықтар, типтік әрекеттегі мәселелерді шешу қабілеттері, тәлімгердің жұмыс әдістері мен түрлерінің көмегімен тәлімгер өзінің жұмыс қызметін жоспарлауға кіріседі. Мұны тәлімгер лагерьге барғанға дейін ұсынымдарды жетекке алып жасап – жұмыс келешегінің негізінде – жұмысты жоспарлайды.

Балалардың сауықтыру және бейінді лагерьінің мақсатты қызметі мен мазмұнына, тәрбиелеуге деген кешенді тәсілдерді қамтамасыз ету әдісі - сауатты құрылған жоспар болып табылады.

Жасақ тәлімгері өзінің қызметін жоспарлауды өз жасағының, лагерьдің, педагогикалық ұжымның нақты жағдайларынан, мүмкіндіктерінен, дәстүрінен бастайды.

Тәрбие жұмысының жоспары – бұл:

- жасақ қызметінің негізі;
- жасақтың тәрбиелік жұмысының аясында алға қойған мақсатты шешудің нақты жолдары;
- өз қызметінің уақытша шекарасы мен көлемі, тәртібін анықтайтын тәлімгер қызметінің мазмұнды бағыттары.

Тәрбие жұмысының жоспары – бұл лагерьдегі балалардың демалысы мен сауықтырылуына, тәрбиеленуіне ықпалдасатын жағдайларды құру бойынша тәлімгердің қызмет жоспары.

Ол жасақ тәлімгерінің тәрбиелік жұмысының сапасын арттыратын әдіс қызметін атқарады, сол себепті жоспар мағынасы бойынша терең, мазмұны бойынша нақты және қысқа да нұсқалы болуы керек. Тәлімгер жоспарға сәйкес қарым-қатынастың тиімділігімен, психологиялық, физикалық және әлеуметтік денсаулығымен байланысты балалардың жеке мәселелерін шешуге көмек көрсетеді.

Сонымен бірге, жасақ тәлімгерінің қызметінің жұмыс жоспары жасақтағы тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруды өңдейтін және функционалдық міндеттерін атқарғанын дәлелдейтін нормативтік құқықтық құжат болып табылады.

Жоспар алға қойған мақсатқа жетудегі болашақ жұмыстың мақсатын, жасақ қызметінің жүйесін, сауықтыру және оқу-тәрбиелеудің негізгі міндеттерін шешу бойынша нақты жұмыс нысандарын көрсетуі қажет. Жоспарды орындау нақтылығы лагерь ауысымының дамыту логикасын есепке ала отырып белгіленгенді жүзеге асыру мерзімін, сондай-ақ нақты жұмысты орындаудағы жауаптыларды анықтаумен түсіндіріледі.

Жоспар жақын, орта және болашақ мәліметтеріне үйлесе негізделуі керек.

Жоспарлау барысында тәрбиеге деген жүйелік тәсілдер қағидатын және басқару қағидатын сақтаған маңызды. Басқару қағидаты ылғи да кері байланыстың болуын, тәрбиелік әсердің нәтижесін бақылауды талап етеді. Тәрбиелік жұмыстың тиімді талдауы бойынша педагогикалық қызметті түзету мүмкіндігін көре білген маңызды.

Тәрбиелік жұмысты жоспарлау – бұл жасақтағы өмір қызметі және тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру әдістері мен мазмұнын, мақсатын анықтаудағы тәлімгер мен тәрбиеленушілердің бірлесе атқарған қызмет үдерісі.

Жоспарлаудың негізгі міндеттеріне жататындар:

бағыттаушы, жоспарлау үдерісіндегі педагогикалық қызмет саласын, мақсаты мен мазмұнын, оның пәнін, нақты бағыттары мен түрлерін анықтаумен байланысты;

болжаушы – жоспарды құру барысында педагогикалық ой жүзеге асады, алдағы ауысымға жасақтың өмір қызметінің негіздері модельденеді;

үйлестіруші немесе ұйымдастырушы, тәлімгерге жоспарлау барысында дәлелдемелі және рационалды қызметтер арқылы алға қойған мақсат пен міндеттерге сәйкес алдағы қызметтің мазмұны мен бағыттары туралы анық көріністі алуға мүмкіндік береді;

бақылаушы міндет тәлімгер жоспар арқылы мақсатқа жету үшін өзінің қадамын көруге мүмкіндік береді;

жаңғырту міндеті жоспар бойынша мерзімі өтіп кетсе де орындалатын жұмыстың көлемі мен мазмұнын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Тәлімгердің жоспары келесі ***талаптарға*** жауап беруі керек екенін естен шығармаңыз:

- анықталған педагогикалық нәтиженің жетістігіне жету үшін жоспардың бағытталуы (тұлғаның қабілетін қалыптастырудағы әлеуметтік тапсырыстың көрінісі);

- балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын, жас ерекшеліктерін есепке алу;

- тәрбиелік қызмет әдістерінің, нысандарының, мазмұнының әртүрлілігі;

- тәлімгерлер мен тәрбиеленушілерге арналған жоспардың күш жігерлігі мен шынайлығы (педагогикалық нәтижеде анықталған жетістікке бағытталған жоспары бойынша (тұлғаның сапасын қалыптастырудың әлеуметтік тапсырыстың бейнесі);

- балалардың қажеттілігі мен қызығушылығын есепке алу;

- қызметтің түрлерін тандаудағы сабақтастықтың бірізділігі, жүйелілігі;

- (қызметтің түрлері, мерзімі бойынша) балалар мен тәлімгер үшін жоспардың шынайлығы мен төзімділігі;

Жоспарды құру бойынша барлық практикалық жұмыс бірнеше кезеңдерді басынан өткізеді:

1-кезең. *Жоспарды құру бойынша іс-әрекеттер ретін және мерзімін анықтау.* Жоспарды құру барысында аталған үдерістегі жасақ тәрбиеленушісінің қатысу тәсілі мен нысандарын анықтау қажет.

2-кезең. *Жасақтың бейнесін және оның мүшелерінің үдерісін модельдеу.* Модельдеу үдерісі жазғы сауықтыру компаниясының саналы түрдегі жалпы мақсатынан, жас ерекшелікті ескере отырып ауысымға тәрбиелік міндеттерді, жасақтағы балалардың жалпы даму деңгейін, тәлімгердің жеке кәсіби педагогикалық ұстанамын, мақсатты жүзеге асыруда негізгі әдістерді анықтаудан басталады. Модельдерді құру барысында:

- жасақтың өмір қызметі мен тәрбиеленушілердің үлгілі бейнесін, оның ішінде қызметті, қарым-қатынас құруды модельдейміз;

- бірлескен қызметтің басым түрін анықтаймыз;

- жасақта балалардың қарым-қатынасын жетілдірудің әдістері мен нысанын, жолдарын ойластырамыз.

3-кезең. *Ұжымдық жоспарлау.* Жасақтың өмір қызметін жоспарлауға тек қана тәлімгерлер емес, сонымен бірге тәрбиеленушілер де қатысады. Жұмысты іздеу екі деңгейде өткізіледі: жалпы лагерлік жұмыстар, жасақ жұмыстары. Өзін-өзі басқару органының қызметіне сүйене отырып тәлімгер жоспар құрады.

4-кезең. *Жұмыс жоспарын – құжатты рәсімдеу.* Тәрбиелік қызметті жоспарлаумен бірге тәлімгер мақсат, балаларды тәрбиелеудегі нысан мен әдістерді анықтап, құрастырылып жатқан құжаттың – ауысымға арналған жұмыс жоспар мазмұнының ұтымды нұсқасын табады.

Ресей Федерациясының атақты педагогі Л.В. Воронкованың оқу құралында **жоспардың** төмендегі **нысандары** ұсынылған:

- жасаққа мінездеме;
- тәрбиелік қызметтің мақсаты мен міндеттері;
- жасақтың өмір сүру қызметінің мазмұны;
- тәрбиеленушілермен жеке, дара жұмыс жасау;
- ата-аналармен жұмыс;
- жасақтағы тәрбиелік жұмыстың талдауы.

Жасақ тәлімгерінің жұмыс жоспары

Қызметтің бағыттары	Міндеттері	Мазмұны	Нысаны	Нәтижесі
1. Балалар ұжымының қызметін ұйымдастыру				
2. Өзін-өзі басқару органының қызметін ұйымдастыру				
3. Диагностикалау				
4. Тәрбиеленушілермен жеке, дара жұмыс				
5. Ата-аналармен жұмыс				
6. Қызмет нәтижесінің талдауы				
7. Шеберлікті арттыру				

Балалар ұжымының жұмыс жоспары

№ р/с	Қызметтің мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жалпылагерлік жұмыстар		
2.	Жасақ кеңесінің жұмысы		
3.	Жасақтың жалпы жұмыстары		

Жасақтың жұмыс жоспары

№ р/с	Тәрбиелік жұмыс	Өткізу орны	Қатысушылар	Жауаптылар	Орындалғаны туралы жазба
1.					
2.					

Жасақ тәлімгерінің қызметтік жұмыс жоспары – бұл, бір жағынан функционалдық міндеттерін атқарғандығын дәлелдейтін нормативтік құқықтық құжат, ал екінші жағынан – жасақтағы тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру моделі. Жоспар мынаны көрсетуі қажет:

- келешек қызметтің мақсаты;
- алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған жасақтың қимыл-қозғалыс жүйесі;
- лагерь ауысымын дамыту логикасын ескере отырып белгіленген нақты мерзімдерді жүзеге асыру;
- нақты жұмысты орындауда жауаптылар.

Жоспардың нысаны: жасаққа мінездеме; тәрбиелік қызметтің мақсаты мен міндеттері; жасақтың өмір сүру қызметінің мазмұны; тәрбиешілермен жеке, дара жұмыс; ата-аналармен жұмыс; жасақтағы тәрбиелік жұмыстың талдауы.

Жоспарға қойылатын негізгі педагогикалық талаптар:

- лагерьдің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;
- балалардың қызығушылығын, жас ерекшеліктерін есепке алу;
- жұмыс тәсілдері мен нысандарын, қызмет түрін күрделендіру кезегі мен әртүрлілігі;
- қызмет түрін таңдаудағы сабақтастық, жүйелілік;
- қызмет түрі мен мерзімі бойынша нақтылық.

Жоспар – тәлімгердің тәрбиелік қызметінің жүйесі көрсетілген құжат, стратегия және тактика. Бұл тәрбиелік жұмыс өткізілетін, баланың тұлғалығын және балалар ұжымын дамыту жобасы.

Өзінің жұмысын жоспарлаушы тәлімгерге кеңес:

- лагерьдің бағдарламасымен танысыңыз;
- ауысымның келешек жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтаңыз;
- балалардың жас ерекшелігінен күтілетін нәтижеге баса назар аударып олардың жас ерекшелігін оқып біліңіз;
- өз жұмысында қалай қолдануға болатын лагерьдің мүмкіндігін меңгеріңіз;
- өзіңіз игерген әдістерді, нысандарды, тәсілдерді таңдап алыңыз;
- лагерьдің бар мүмкіндігін ескере отырып ауысымның моделін жасаңыз;
- жасақ ішінде шығармашылық кеңістікті қалай құруды ойластырыңыз;

- балалардың қызығушылығын ескеріңіз.

Төмендегі берілгендер жоспарлау үшін шығыс мәліметтері болуы мүмкін:

- лагерьдің өмір қызметі туралы мемлекеттік, жергілікті және өңірлік құжаттар;

- жазғы мерекелерге арналған күнтізбе;

- сенің лагерьінде, ауылда, қалада, әлемде болып жатқан ағымдағы және күтілетін іс-әрекеттер;

- тәлімгердің жеке естелігінен өзінің балалық пионерлігінен күткені;

- лагерьдің дәстүрлері;

- балалар туралы ақпарат;

- балалардың күтетіні;

- ауысымның моделі.

Жоспарда балаларға арналған қызықты және дамытушы сабақтар болуы керек, бірақ жоспарды күрделіндірмеу қажет.

Жоспардың көлемі мен оның ішіндегі жұмыстардың саны маңызды еместігі есіңізде сақтаңыз. Маңыздысы мыналар: балаларды білу, оларды жақсы көру, шыдамды болу. Бұл деген тәлімгер әрдайым оларды бақылауы керек, күнделікті қарым-қатынас барысында арнайы меңгеруі керек.

Ауысымға **келешектегі** (перспектикалық) және **күнтізбелік, әрбір күнге** (таңғы – күндізгі – кешкі) үлгідегі жұмыс жоспарын құру ұсынылады. Осындай жоспарларды тәрбие жұмысы бойынша лагерь директорының орынбасары, лагерьдің педагогикалық ұжымы, жасағы құрастырады.

Тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарының ұстанымы оны тек алға қарауға, барлық жасақтардың ертеңгі күнін, үйірмелерді, іс-шараларды жоспарлауды, уақытша балалар ұжымын дамыту тактикасы мен стратегиясын анықтауды міндеттейді.

Ауысымға арналған жоспар – бұл барлық педагогикалық ұжымның барлығы ат салыса қатысатын жұмыстарды ұйымдастыру және өткізуді қарастыратын құжат.

Келешектегі (перспективалық) жоспар жазғы кезеңге құрастырылады. Ол өзіне мынаны қосады: лагерьдің мақсаты мен міндеттері, техникалық және материалдық базасының жағдайы, әр ауысымның ерекшелігі, ересектер мен балалар ұжымын, жоспарланатын іс-шараларды, үйірмелер жұмысының жоспарларын.

Күнтізбелік (календарлық) жоспар келешектегі жоспарды нақтыландырады және толықтырады. Күнтізбелік жоспарды балалармен бірге тәлімгер ауысымға құрастырады. Жұмыстың үздік жоспары – балалардың айтуымен мақұлданған жоспар. Тәлімгер балалардың

демалыс нысанына таңдау жасау, олардың территориясында өткізу, сонымен бірге педагогикалық мақсатты қызметті ұйымдастыруы керек.

Балалардың сауықтыру және бейінді лагерьдің өмір сүру ерекшелігі жоспарлауда ауысымның негізгі үш кезеңін ескеру қажеттілігін көрсетеді: ұйымдастырушылық, негізгі және қорытынды, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, педагогикалық міндеттері, жұмыс әдістері мен нысандары бар.

Лагерьлік ауысымды жоспарлау үшін **тор-жоспарды** қолданған дұрыс. Тор-жоспар барлық кезеңнің мазмұнын қамтиды. Тор-жоспар лагерьге келер алдында немесе жылжымалы семинар кезінде дайындалады. Тор-жоспарға кезең бойынша мыналар енгізіледі: келу күні, кері қайту күні, моңшаға бару, ата-аналар күні; балалар лагеріндегі балалар үшін дәстүрлі мерекелер; кезекшілер күні; содан кейін барып – олардың кезеңдігі ескеріліп топтық іс-шаралар жоспарланады.

Тор - жоспар

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенб	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28

Күні бойғы жоспарлау өзіне тәрбие, сауықтыру, демалыс пен спортқа бөлінген уақытты есепке ала отырып таңғы ас, түстік пен кешкі астан кейінгі жұмыстарды қосады.

Осылайша, лагерьдің педагогикалық ұжымының әрбір мүшесінің бір күнге арналған өзіндік жұмыс жоспары болады. Тәлімгерлер, үйірмелер жетекшілері, дене шынықтырушылар ол жоспарда кез келген жұмыстың әдісі мен нысанын, нәтижесін және жасақпен, топпен немесе баламен жеке жұмыс жасау кезегін қарастырады.

Топта ойындарды ұйымдастыру әдістемесі

Көз алдыңызға бейінді лагерь мен жазғы сауықтыру лагерінің ойынсыз, ойын-сауықсыз болуын елестетіп көріңізші, бұл мүмкін емес қой.

Бала әр жаста ойынды әр түрлі қырынан көреді және оған көп көңіл аударады. Балалар сауықтыру лагерьлерінің тәжірибесі мерекелерді ұйымдастыруда ойын нысандарын орманда, алаңда, шомылу уақытында қимыл-қозғалыс ойындарын қолдану арқылы балалардың көңіл-күйін көтеріп, шиеліністің алдын алады, балалардың тарапынан болатын теріс әрекеттердің саны азаяды деп көрсетеді.

Ойынды дұрыс ұйымдастыру, «қою» үшін тәлімгерде сәйкес дайындық болу керек және ол ылғи да ойынның не екенін білуі қажет.

Ойын өзін-өзі тану, ойын-сауық, демалыс, физикалық даму мен жалпы әлеуметтік тәрбиенің, спорттың әдісі болуы мүмкін.

Ойын – өте жоғарғы эмоционалдық қызмет, сол себепті балалармен тәрбиелік жұмыстарда үлкен құндылықты алып жүреді.

Ойын – балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудегі пайдалы әдістің бірі. Ол үнемі мақсатқа бағытталған және ынталандырылған қызмет пен көптеген мақсатты қойылымдармен суреттеледі. Ойын қызметі әсіресе балалар жасындағы еңбекпен көп ұқсас болып келеді. Бірақ ойын үдерісінде адам өмірдегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін материалдық құндылықтарды құрмайды. Балалар ойынды жақсы көреді және оны ойнағысы келеді, сол себепті тәлімгер әр түрлі ойындарды өткізу әдістемесін жетік білуі керек.

Ойынды өткізбестен бұрын тәлімгер нені ойнататыны туралы жоспар құруы қажет. Ойын барысын алдын ала ойластырып, өткізу орнын, уақытын, қажетті құралдарды, қатысушылар мен көмекшілерді анықтап алыңыз. Қатысушылардың санын, жасы мен жынысын ескеріңіз. Қайта-қайта жаңа ойындарды ойнатуға асықпаңыз: аптасына 2-3 жаңа ойын жеткілікті. Қарапайым, бірақ қызықты ойындардан бастаңыз.

Тәлімгер әрдайым өзімен бірге ойындардың «шпаргалкасын» алып жүруі қажет, керек жағдайда (жоспарға өзгеріс енгізілгенде, бос уақыт және т.б. пайда болғанда) балаларға жаңа ойынды ұсыну үшін қажет. Ұйымдастырушыға өзімен бірге ойын жинақтарын алып жүру артық етпейді. Оны сатып алуға немесе өзінің құрастыруына болады. Кейбір ойындарды көп уақыт ойнамаса, ұмытылады.

Өзі үшін карточкаларда жазылған ойындардың ойын жинағын құрған ыңғайлы. (Мұндай ойын жинағын өзімен бірге жұмыс үшін алып жүруге болады). Егер тәлімгер ойын жинағын тек толтырып қана қоймай, оған жазылған ойындарға ескертулерді жазып отырса, мүмкіндігінше кейбір өзгертулер мен ескі ойындардың негізінде жаңа ойындарды құрса, онда тәлімгердің өзіне де жұмыс жасауы үшін ыңғайлы болады.

Балаларға жаңа ойынды ұсына отырып, оны түсіндіру керек. Мұны шеңбердің ортасында емес, сөйлеп тұрған адамның артында тыңдаушылардың жартысы қалып қоймайтындай сол шеңбердің жиегінде тұрып түсіндірген дұрыс.

Ойынды түсіндіру кезегі төмендегідей ұсынылады:

- ойынның аты және оған кішкене мінездеме беру (мысалы: бұл ойында тек жүгіру жылдамдығы ғана қажет емес, сонымен бірге нағыз тыңшы ретінде де бақылаушылық қажет);

- ойыншылардың рөлдері, кері қозғалысы қандай;

- ойыншылардың ұмтылатын ойынның барысы мен мақсаты;
- ойын немен аяқталады;
- барлығы ойынды мұқият жаттап алулары үшін нақты жинақталған ойынды түсіндіру соңындағы ережелер.

Ойынның болашақ қатысушыларынан барлығына түсінікті ме деп сұраңыз, қажет болған жағдайда ойынның кейбір әдістерін көрсетіңіз, ойынның басталуы мен аяқталуындағы берілетін белгілер туралы келісіп алыңыздар (ысқыру, сөздік команда, қолмен немесе жалаушамен белгі беру, музыкалық сүйемелдеудің басы немесе тоқтатылуы және т.б.).

Көп ойындарда қажет болатын **ойынды бастаушыны** кейбір әдістер арқылы таңдап алуға болады: ойнаушылардың біреуін өз қалауы бойынша; көпшіліктің таңдауы бойынша; жетекшінің тағайындауы бойынша; жеребе немесе санақ бойынша; алдыңғы ойынның қорытындысы бойынша (алдыңғы ойында жеңімпаз болған немесе керісінше ұтылып қалған баланың келесі ойында бастаушы болатыны туралы алдын ала келісіп алған болсаңыз). Кейде барлығы кезек бойынша ойын бастаушысы болады. Кейбір ойындарда қандай да бір өнер түрінен алдын ала сайыстар өткізіледі (таяқты алысқа лақтыру, тасты – мақсатты жерге лақтыру, сұраққа жауап және т.б.), және сол сайыста ерекшеленген бала ойынның бастаушысы болады.

Топтық (командалық) ойындар үшін қатысушыларды команда бойынша бөлу керек (спорттық ойындардағыдай команданың ылғи ойнайтын құрамасы болмаса). Көбінесе балалар өздері командаға бөлінеді, бірақ кей жағдайда топ басшысына ойыншыларды таңдап алу құқығы беріледі (бірінші екіншісін, екіншісі – үшіншісін және т.б. таңдайды, кезек саны бір топтан екінші топқа ауысып отырады). Топқа (командаға) бөлудің басқа да әдісі бар: кесілген ашық хатты жабыстыру, зодиак белгілері, үлестірілген карточкалардың түстері бойынша біріктіру және т.б.

Егер ойыншылар бір-бірін жақсы білмесе, онда оларды жетекші өзінің қалауы бойынша немесе ойыншыларды «бір-екі-үш...» санағы бойынша бөледі. Соңғы тәсіл өте жылдам өткізіледі, бірақ командалардың тең болмауына әкеп соғуы мүмкін.

Топтың капитаның, төрешілер мен көмекшілерді балалар өздері таңдайды немесе жетекшінің қалауы бойынша тағайындалады.

Ойынды өткізуге дайын тәлімгер немесе балалардың біреуі **ойынның ұйымдастырушысы** бола алады, сондай-ақ ойынды ұйымдастыруға басқа көмекшілерді де жұмылдыруға болады. Осындай жағдайларда тәлімгер қатысушы немесе ойынды бақылаушысы ғана бола алады және кей жағдайларда ғана ойынның барысына араласады. Сайыстық ойындарда, әсіресе егер төрешілік басқаларында жоқ біліктілікті талап еткен жағдайда жетекші өзіне төрешінің рөлін алатын

жағдайлар аз емес.

Балалардың біреуі төреші бола алады немесе тәлімгердің өзі ойынның ұзақтылығын бақылап және ойыншыларды ойынның бірінші айналымы қашан бітеді, ойынның аяқталуына 1-2 минут қалғанда ескертіп отыруы керек. Бірақ көптеген қозғалыс ойындарының ұзақтылығы анықталмайды, себебі ойынды бастаушы рөлі бір ойыншыдан екіншісіне үздіксіз ауысып отырады (салкалар, тығылмақ, лапталар, тығылмаш және т.б.). Мұндай жағдайда ұйымдастырушының өзі ойыншылардың көңіл-күйін мұқият бақылап, қай жерінде ойынды тоқтату керектігін шешуі керек. Ойыншылардың ойынға қанбай тұрған мезетте, бірақ шаршағандары байқалған жағдайда тоқтатқан дұрыс. Сонымен бірге ойынды тоқтататын уақытты, мысалы ойынды бастаушылардың орны ауысқан жағдайды тосу қажет.

Ұйымдастырылған **ойынның аяқталуына** бірнеше минутты қарастыру керек: қорытындысын шығару, педагогикалық қарым-қатынастағы қажетті ескертулер мен түсіндірулер, ойын алаңын, құралдарды, ойынға қатысушылардың түр-әлпетін (келбетін) қалпына келтіру, ойын барысында пайда болған әсерді түсіру, онсыз басқа сабақтарға ауысу қиынға соғады. Мүмкіндігінше ойынды талдау (анализдеу) керек, оның барысында ойынға қатысушы барлық ұжымның және кейбір ойыншылардың жетістіктері мен кемшіліктері ұжым түрінде талқыланады. Бірінші кезекте алдағы ойында тіреу болатын барлық жақсы тұстарды айтқан дұрыс. Талқыланудың жалпы түсі сабырлы, жаңа жетістіктерге сергектік пен сенім қондыратындай болуы керек.

Тәлімгердің міндеті анау-мынау ойындарды дұрыс өткізумен шектелмейді, бірақ өзіне өз беттерімен ұйымдастыратын ойындарды дұрыс өткізуге тәрбиеленушілерді дайындауды қосады.

«Қарсыластың» алдында кез-келген бағамен алынған жеңіс ойынның басты мақсаты емес екенін, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу, ойынға қатысушылардың физикалық және рухани дамуында жатқанын естен шығармаңыз.

Жарыстарды ұйымдастыру әдістемесі

Балалар жарысқанды жақсы көреді және осы жарыстарда ашу шақыруға тез барғыш болады. Оларға өз достарымен және құрдастарымен жарысқа түсу, өз күштерін жұмсау, содан марапаттар, ұтыстар, сыйлықтарды алған ұнайды.

Өзін-өзі тануға қажеттілігі – жасөспірімдердің жүріс-тұрысындағы ең басты қозғалыс мотивтерінің бірі. Және бұл жердегі жарыс – осы қажеттілікті қанағаттандырудың табиғи әдісі. Сайыстар, спорттық

ойындар, мүмкін болатын барлық байқаулар – балалықтың табиғатына тән, балалардың көп шұғылданатын қызмет негізі.

Сонымен бірге жарыстардың балаға, бала ұжымына кейде пайда емес, оның орнына кері тұсын да алып келетін мысалдардың аз еместігін тәлімгер, педагогтің де мойындамауы мүмкін емес. Осындай жағдайда жарыс жұмылдырудың негізі секілді емес, ұйымдастырмайтын, реніш, жеңімпазға қатысты қызғаншақтық пен көре алмаушылық, ашудың жиналу серіппесі ретінде суреттеледі.

Тәлімгер-практиктер өзінің педагогикалық қызметінде даналығы жоқ «Жарыстың бар болғаны – бұл ылғи да жақсы, оның жоқтығы – бұл ылғи да жаман» формуланы қолданса ұқсас жағдайлармен жиі кездеседі.

Сонымен бірге, жарыс әдісінің педагогикалық әдістің басқа түрі секілді өзін дұрыс қолдануда анықталған шекарасы бар. Осы шекара бұзылса ол жазаланбай қалмайды. Жарыс әдіс, өзіндік мақсат емес. Жарыс үнемі жұмыстың ынтасы болып табылады. Оның көмегімен балалардың бойында жүріс-тұрыстың (өзін ұстау) адамгершілік ынталарын қалыптастырамыз және дамытамыз. Бұл стимулды дұрыс қолданбау кері әсерін тигізуі мүмкін, себебі жұмыстың мағынасы кей жағдайда уеде берген марапаттарды және мадақтауды күтуге ауысып кетеді. Сол себепті, көрші жасақпен тазалық үшін жарысқа түскенде олардың төмен баға алғанына қуанған немесе санитарлық тексеріс кезінде Арман мен Ануар корпустың алдындағы қоқысты алып тастап, бірақ көрші территорияға «байқаусыздан» қоқысты лақтырып жіберген әрекетке қуанған қыздар мен ұлдарды тәлімгер мен педагог көз алдынан таса қылмаулары керек.

Жарыс пайда мен кері әсерін әкелген кезде оның мөлшері туралы мәселелер өзекті бола бастайды. Қандай жағдайларда оны тәрбиелік жұмыстың әдісі ретінде қолдануға, ал қандай жағдайда – қолданбауға, балалар ұжымы, бала үшін кері әсерінен арылып, тек одан пайданы іске асыратындай не істеу керек. Ол үшін әдіс ретіндегі жарыстың не екенін және оны қалай жұмыс жасайтыны туралы ажыратып алған жөн. Ғылыми әдебиеттерде барлық қызметтер мен қарым-қатынасты бірге сүйемелдеп жүретін әлеуметтік құбылыс болып анықталады. Жарыс кез-келген қызметті белсендіре алатын әлеуметтік ынта болап табылады. Ұжыммен шешім табатын, жарыстың жақсы рухы бар жерде ғана оның жағымды аспектілері туралы айтуға болады.

Егер жарысты теріс қолданса, ол басқалардың үстінен басымдылықта үнемі қажеттілікті, мақтау мен марапатты алудағы әдіс ретінде балалар үшін сондай үйреншікті нәрсеге айналып кетеді. Жарыстың өзі аса маңызды болмайды – тазалықты сақтау, әдептілік үшін күрес, жақынына көмек беру, лагерьдің барлық ауласында және корпустың айналасындағы тәртіп пен әсемділік, өзінің денсаулығын нығайту емес, оның орнына жалауша жаулап алу, бірінші орынды алу,

мадақтауға лайықты болу, сыйлық немесе сыйлық алуға деген ұмтылыс және т.б. пайда болады.

Жырыстың табиғаты мен қозғалыс механизмін ескере отырып, тәрбиелік жұмыс түрін екі топқа бөлуге болады:

- а) жарыстың қажет және тілектес тұсы,
- б) өткізуге болмайтын тұсы.

Сонымен, қай кезде жарыс қажет немесе тілектес? Жарыс бір қызмет түрінде басқа қызмет түрлерімен байланыста немесе олардан көріну керектігін естен шығармай білген жөн. Ұзаққа созылған жарыстарда тәлімгерлер міндетті түрде оған әр түрлі қысқа мерзімді нысандарды, ал жеке жарыстар ұжымдықпен үйлесуді қосуға міндетті. Ұжымдық негізгісі ретінде, ал жеке-даралық оның құрамдас бөлігі ретінде болады.

Көбінесе мынандай жарыстар көп кездеседі:

- спорттық іс-шаралар (спартакиада, қысқы және жазғы Олимпиадалық ойындар, «Қызықты бастамалар», эстафеталар, спорттың әр түрінен командалық спорттық кездесулер және т.б.);

- зияткерлік турнирлер (теледидардағы бағдарламалардың әр түрлі өзгертілген нұсқалары, мысалы, «Брейн-ринг», «Не? Қайда? Қашан?» және т.б.);

- ойын-сауықтық – танымдық іс-шаралар (КТК – көңілді тапқырлар клубы);

- шығармашылық көрмелер (суреттер, қолдан жасалған заттар, фото және т.б.);

- байқаулар.

Жоғарыда аталған жарыстардың әр нысандарының анықталған тәрбиелік мақсаты, міндеттері бар, сол себепті оларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі кей жағдайлармен анықталады және мынаны ескереді:

а) *балалардың жас ерекшеліктері*. Кіші жастағы балалар үшін кейбір нақты бағыттар (жұмыстар) бойынша өткізу мерзімі ұзақ емес жарыстың жүйесін қолданған дұрыс. Жоғарғы жастағы балалар үшін бірнеше қызмет түрін қамтитын жарыстың кешенді түрін қолданған жөн;

б) *балалардың тәрбиелік деңгейі, қабілеттері мен мүмкіншіліктері*;

в) *тәрбиелік қызметті жоспарлаудағы жыл мезгілі, қатысушылардың саны*.

Ал енді жарысты қай кезде **өткізбеу керектігін** қарастырып көрейік.

Біріншіден, жеке қабілеттері мен сапасына байланысты жарысқа түсушілердің теңдей емес мүмкіндіктері. Кіші топтар мен жоғарғы топтар арасында 100 метрге жүгіру жарысын өткізуге болмайды, бал

билері бойынша өткізілген жарыста әрине, кәсіби тұрғыдан айналысып жүрген жұп жеңіске жететіні сөзсіз.

Екіншіден, адамгершілікті таразыға салуға негізделген бастамаларды жарысқа салуға болмайды: мейірімділік, мәдениет – бұл мейірімділікке жатпайды. Сондай-ақ, қарапайымдылықты да жарыстыруға болмайды – аз мөлшерде, қарапайым емес.

Үшіншіден, алдын ала «жеңімпазды» анықтайтын жарыстарды өткізуге болмайды. Өйткені, топта кәсіби тұрғыдан суретті жақсы салатын тәлімгер болса, онда үздік топ бұрышына, көрме мен қабырға газетіне жарыс ұйымдастырудың қажеті жоқ, себебі басталмастан бұрын бәрі айдан анық белгілі. Және мұндай жұмыс түріне кәсіби орындаушылардың тығылып келіп қатысқаны өте жаман (демалыс күні ата-аналар келді және оны 1-1,5 сағатқа кәсіби қызметін осы жұмысқа «жұмылдырды»).

Балалар кез-келген жаста өз жұмысын бағалауды қажет етеді. Барлық түрін марапаттау тәрбиенің жағымды тұсын нығайтады, қанағаттану сезімін, жаңа табысқа жетуді, жаңа ойлар мен күш-жігерді іздеуге деген ұмтылысты оятады. Бұл жерде де сезім мөлшері маңызды. Сыйақының, төсбелгінің, мадақтама қағаздарының, сыйлықтардың, кәдесыйлардың, ашық хаттардың және т.б. аз болғаны жаман. Олар қатысушылардың өздері ала алатындай болуы керек. Сонымен бірге, наградалардың көптігінен мадақтаулардың құнсыздануына әкеп соғады. Баланың қолында 15 мақтау қағазы, 24 алғыс хат болса, онда олардың мағынасы жоғалады. Барлық жетістіктердің ішінде бала қайсысына нағыз күш-жігерін салып алдына қойған мақсатқа жету үшін аяңбаған сәттері есінен шығып та кетеді. Ұйымдастырушылар марапаттау үдерісін, марапаттау салтанатын ұйымдастыруды ұмытпағаны жөн.

Әр түрлі саладағы жарыстар баланың өзіне деген сенімін табуға көмектеседі. Тәлімгер өз қызметін жоспарлау мен талдауда әр бала ұтысқа жететіндей етіп жұмыс түрімен қарулануға ұмтылу керек.

Егер педагогикалық кеңесте ауысымға дайындықта тәлімгерлер жарыстың түр-түрін ұйымдастыруды шешсе, онда балалардың қатысуымен жақсы әсер беретін және қызмет түріне ынталандыратын ауысым ол тақырыптық ауысымдар болып табылады, себебі оның әр күні балалар үшін жаңа, қызықты, танымды болып келеді. Және келесі күні алдыңғысынан да жақсы болуы үшін балалардың өздері оны құруға, дайындауға ұмтылатын болады. Осындай ауысымдарды тақырыптық деп айтуға болады.

Шоу-бағдарламаларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі

Шоу-бағдарламаларды құрастыру бойынша ұйымдастыру жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады:

БАСТАУ – тапсырманы алу;

1-кезең – мақсатты анықтау және міндеттерді меңгеру;

2-кезең – жұмысты қамтамасыз ету (жағдай, әдістер, орындаушылар);

3-кезең – жұмысты жоспарлау және міндеттерді бөлу;

4-кезең – оперативті (жедел түрде) жетекшілік атқару (келісу, есепке алу, бақылау жүргізу);

5-кезең – тиімділікті талдау және жұмыстың қорытындысын шығару;

МӘРЕГЕ ЖЕТУ – тапсырманы орындау туралы есептеме.

Осы кезеңдердің әрқайсысында ұйымдастырушымен анықталған іс-әрекеттер орындалады.

Ұйымдастырушы әр кезеңде не істеу керектігін, оның кезектерін білгені жөн. Ұйымдастыру жұмыстарының кейбір маңызды ережелеріне сүйене отырса, әр кезеңнен тиімді өтуге болады.

1 ереже. Тапсырманы ала салысымен оны меңгеріңіз. Бұл деген төмендегінін қажеттілігі:

- неге қол жеткізуге болатынын, мәреге жеткенде не болу керектігін өзіңізге жақсы елестетіңіз;

- ұйымдастыру жұмысының мазмұнын меңгеру: ол неше бөліктен тұрады, қарапайым ба, әлде күрделі болып келе ме, оны орындау барысында көмекшілерді жұмылдыруды қажет ете ме;

- маңыздыны, негізгіні бөліп алу, қосымшасын көру;

- тапсырманы орындау кезегін анықтау, негізгі жағдайын анықтап алу: мерзімі, орны, материалдық құралдары, жалпы жұмысқа ұсынылатын қатысушылар құрамы;

- өз орнын, тұрысын, сіздің міндеттеріңізді анықтау;

- тапсырманы қайтадан «қайталап айту», оны сіздің түсінгеніңізге көз жеткізіңіз. Тапсырманы алып жатқан кезде түсініксіз тұстары болса, онда оны қайтадан сұрап алуға ұялмаңыз.

2 ереже. Ұжым мүшелерінің мүмкіндіктерін ескеріңіз. Сіздің қарамағыңыздағы адамдардың мүмкіндіктерін негізгі міндеттермен ойша салыстырыңыз.

3 ереже. Жұмыс барысында сізге қажет болатын заттарды анықтап алыңыз.

Егер жұмыс материалдық құралдарды қажет етсе, онда оны шешу керек: қандай құрал-саймандар, материалдар, жабдықтардың сізге қажеттілігін, қандай мөлшерде, оларды қайдан алуға және қай жерде сақтауға болады.

4 ереже. Жұмыс барлығына да түсінікті болуы керек. Топтың барлық мүшесін тапсырмамен, мақсатымен, мазмұнымен, орындау жағдайымен таныстырыңыз.

5 ереже. Әркім өзінің жұмыс аймағы үшін дербес жауап береді.

6 ереже. Жұмысты аяқтар кезде мұқият болыңыз. Кімдерге тапсырма берілді, солардың барлығынан тапсырманы орындағаны туралы есептеме алу қажет.

7 ереже. Қорытынды талдау жасау – келешектегі жемісті жұмыстың кепілі, себебі талдау барысында барлық жіберілген қателіктерді анықтау арқылы болашақта оны қайталамауға мүмкіндік береді.

Бұл ұйымдастыру жұмысының жалпы ережелері еді, бұқаралық шоу-іс-шараларын ұйымдастыру үшін бұл жеткіліксіз.

Неден бастау алған жөн?

Кез келген іс-шараны ұйымдастыруды бастау үшін неден бастау керектігі туралы ойлар өте көп. Біреулер ең бірінші **сценарийді** жазудан бастау керектігін ұсынады. Басқалары сценарий – бұл бастау емес, жұмыстың ортасы, сол себепті оның **нысандары мен мазмұнын** анықтаған дұрыс деп есептейді. Үшіншілері барлығынан бұрын жоспарын құру және міндеттерді бөлуден бастаған дұрыс деп ұйғарады. Төртіншілері есептеме тұрғысынан ұйымдастырудағы жауаптыларды тағайындау **бұйрығынын** болуын талап етеді. Ал бесіншілері – ұжымдық жұмысты құптайтындар – яғни, алдымен **«белсенді топты»** немесе **«жұмыс кеңесін»** жинағанды жөн көреді. Қаншама ұйымдастырушы болса, соншама ойлардың болуы сөзсіз.

Кез келген жұмысты ұйымдастыруды **ақтық кезеңнен** бастаған дұрыс!

Іс-шараның Ақтық кезеңі – біз қол жеткізетін нәтиже (мысалы: құмнан жасалған мұнара немесе ... тақырыптағы плакат), эмоционалдық көңіл-күй, барлығы аяқталғанда балалардың оралатын көңіл-күйлері.

Әрі қарай белгіленген жұмыстың мақсаты мен міндеттерін қалыптастырамыз және оны жүзеге асыру әдістерін ойластырамыз.

Ол үшін **іс-шараның сценарлық жоспарын** қолдану керек:

1. Іс-шараның нысаны.
2. Аталуы.
3. Өткізу мерзімі мен өткізу орны.
4. Мақсаты мен міндеттері.
5. Жауаптыларды бөлу (сценарийге; дайындыққа; техникалық камсыздандыруға; безендіру жұмыстарына; музыкаға).
6. Міндеттері мен рөлдері.
7. Декорациялары.
8. Іс-шара мазмұны (залды икемдеу; мәтіні (жүргізушілердің де, қатысушылардың да); жасақтарды шақыру мәтіні (егер болжанған жағдайда).

9. Ақтық кезеңі және оның соңы немен аяқталады.

10. Іс-шараны талдау.

Шығармашыл топтың жұмысы

Сіз бен біз тәлімгерлердің қаншалықты қолдарының тимейтіндерін, әр нәрсеге уақыттарының жетіспеушілігін жақсы білеміз. Отыз ұшқалақ тентек уақытын ұйымдастыру қажет, жоспарлауға бару керек, сонымен бірге лагерьдегі барлығына бұқаралық бос уақытты қамтуды ұйымдастыру керек. Әр уақытта тәлімгерлік топ іс-шараларды ұйымдастыра берсе, онда бұл логикалық тұрғыдан дұрыс еместігі түсінікті, сол себепті жұмысты дайындаудағы (жұмыс кеңесі) шығармашыл топ туралы сөз қозғаймыз.

Шығармашыл топқа жұмылатын адам саны мөлшермен 4-8, бұл әзірленетін жұмыстың масштабына байланысты болады. Қатысушылардың санына байланысты бұқаралық іс-шараларды төмендегідей бөлуге болады.

1. Лагерьаралық нысан. Жалпылагерьлік нысандағы барлық іс-шаралардан тұрады. Бұл нысан бір лагерь «екіншісіне қонақ болып келгенде» қолданылады.

2. Жалпылагерьлік нысан. Барлық жасақтар (топтар) ат салысып қатысатын іс-шаралар.

3. Топішілік нысан. Іс-шараларға тек 2-3 топ қана қатыса алады. Бұл «бір топ екінші топта қонақта» кездесу, байқаулар, топ арасындағы жарыстар болуы мүмкін, егер біз командаларды аралас қылсақ жақсы болар еді, мысалы, жеребе арқылы. Онда біз балаларға лагерьде қарым-қатынас орнату шеңберін кеңейтуге, басқа жасақтармен байланыс орнатуға, дос болуға, балалар сенімді жерде өздерін қаншалықты көрсете алатынына мүмкіндік беретін боламыз.

Шығармашыл топтың жұмысын барлығымен байланыстыратын, сахнада орындалатын негізгі тақырыпты анықтағанда бастаған жөн. Мысалы, егер біз теңіз тақырыбын алсақ, онда сәйкестігінше барлық байқаулар, ойындар осы тақырыппен байланысуы керек (теңіз туралы әндер, кемелер жарысы).

Тақырыпты таңдап алысымен іс-шараның түрін анықтаймыз.

Дайындық тәсілі мен суырып салманы қолдануға байланысты көрсетуге болады:

- алдын ала дайындалған, ешқандай суырып салманы қарастырмайтын шоу. Бұл әр түрлі тақырыптық байқаулар (әндер байқауы, билер, әндерді сахналау және т.б.), концерттер (тәлімгерлердің концерті, балалардың шығармашылық концерті және т.б.), қойылымдар. Іс-шаралардың осындай нысандарын таңдағанда мынаны ескерген жөн, зал – шоудың белсенді қатысушысы, оны үнемі белсендіріп отыру қажет, сахнада көрсетіліп жатқандарды қосу, оған жұмылдыру керек (мысалы, үзіліс кезінде біз залмен ойын ойнаймыз);

- суырып салма элементтерін, алдын ала дайындалған элементтерді үйлестіретін шоу. Бұл КТК (КВН), «Лагерь аруы», «Жұптар байқауы» және басқалары;

- қатысушылардың дайындығын талап етпейтін, көбіне қимыл-қозғалыс кезінде суырып салмаға негізделген шоу. Бұл актерлік шеберліктің байқауы (АШБ), «Бір көргеннен ғашық болу», «Театрлы кіреберіс» және т.б.

Кез келген суырып салманы жақсы дайындағанда ғана жақсы шығатынын аңғару қажет. Сәйкесінше, шоу қатысушылардың да, ұйымдастырушылардың да, жүргізушілердің де дайындығын талап ететініне назар салайық.

Дайындықтың тараулары бойынша міндеттерді жіктеу

Барлығымыз топ жұмысының барысында бір ересек адам өзіне іс-шараны дайындаудағы жауапкершілікті алып, оны бақылап және қалғандарына көмектесіп отырса, сонда ғана кез келген жұмыс тиімдірек болатынын білеміз.

Балалардың қалаулары бойынша тәлімгер оларды қызмет түріне бөледі, жауаптыларды тағайындайды (жауаптылар өздеріне 1-2 адамды көмекшіге сайлайды).

1. Сценарлық топ. Олардың міндетіне шығармашыл топтың алдына қойған мақсат, міндеттерін басшылыққа алып болжанған жұмыстың толық сценарийін әзірлеу жатады, оны сол ауысымдағы сол іс-шараға жауаптыға немесе тәрбие жұмысы бойынша орынбасарға ұсынады. Қайта өңдеуге жіберілген сценарийді түзейді.

2. Режиссерлік топ - әзірленген сценарийдің негізінде сценарийдің барысын жасайды, актерлерді таңдайды, орындаушылармен, жүргізушілермен және т.б. тікелей жұмыс жасайды. Қажет дайындықты (мүмкіндігінше) өткізеді.

3. Безендіру тобы әзірленген сценарийдің негізінде безендіру эскизін дайындайды және оны сол ауысымдағы сол іс-шараға жауаптыға немесе тәрбие жұмысы бойынша орынбасарға ұсынады. Эскизді бітірісімен лагерь суретшісінің көмегімен іс-шара өтетін орын безендіріле бастайды. Актерлерге және жүргізушілерге костюмдерді таңдайды, дайындайды. Афишаны, шақыру билетін, жарнамалық плакаттарды (қажеттілігіне қарай) дайындайды.

4. Ұйымдастыру тобы – алдыңғы топпен өзара байланысты және үйлестіру жұмысын қамтамасыз етеді, көрермендер залында көрермендердің орналасуын әзірлейді, алаңдарда жасақтардың сапқа тұруын немесе орналасуын басқарады. Әкімшілікті, мамандар мен лагерьдің қонақтарын жеке шақыруларды үйлестіру арқылы шақыру жұмыстарын жүзеге асырады.

5. Техникалық және музыкалық безендіру тобы – лагерьдің мамандарымен бірге бейнефрагменттерін немесе қажетті

фонограммалармен, сондай-ақ түспен безендірумен айналысады.

Жауаптының негізгі мақсаты басқаларға тапсырманы орындауды түсіндіру, сұрақтарына жауап беру, жұмыс барысындағы ақпараттар кезегі мен мерзімге қатысты барлық жағдайды баяндап беру болып табылады.

1. Сценарийді әзірлеу.

«Миға шабуыл» техникасын қолдану арқылы құрастырылған нұсқаның тиімділігі бар. Шығармашыл топтың барлық қатысушылары бірге жиналып өз ұсыныстарын, ойларын ортаға салады, талқыланып өңделеді, толықтырылады және өзгерістер енгізіледі.

Барлығы сіздің тілектеріңізге және мүмкіндіктеріңізге тәуелді. Бірақ сценарийді жазу барысында балалардың жас ерекшелігін, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескеру қажет, оның негізінде балалар аудиториясының назарын ұстау уақыты 1 сағат – 1 сағат 20 минутты құрайды.

Сценарийді жазу кезеңі – іс-шараны дайындау кезеңдерінің ең қиыны. Бірақ егер де оны дайындауды нақты білген кезде кез келген тапсырма орындалады.

Сценарий жазу кезеңдері

1. Іс-әрекеттерді дамыту алгоритмі (сюжеті). Кім? (Қалқан құлақ, Бауырсақ, Карлсон) Қайда? (Африкаға, қазынаны табуға бару, солтүстік полюске, моңшаға) Не үшін? (демалу үшін, бізден аулақ болу үшін, қажет) Қалай? (жаяу жүріспен, саппен, еңбектеп). Осы сұрақтарға жауап беріп, сіз өз қойылымыңыздың сюжеттік сызығын көз алдыңызға елестете аласыз.

2. Кейіпкерлер образын іздестіру (ақылды, қу, жалқау және т.б.). Ашық келбетті, ішкі дүниесі ашық кейіпкерлер мен рөлдерді суреттейтіндерді таңдаңыз. Осы суреттеулерді табыңыз және жай ғана іс-әрекетті сіз – таңдап алынған кейіпкер ретінде орындап көріңіз.

3. Іс-әрекетті дамыту барысында кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары.

Таңдап алынған образда өмір сүріңіз, тапсырылған тақырыпта бір-біріңізбен араласыңыз, сіздің кейіпкеріңіздің басқа кейіпкерлермен қарым-қатынас құрғандағы ойлары мен реакцияны көрсетіңіз. Осылай нақты монологтар мен диалогтар пайда болуы мүмкін.

4. Жазбаларды, кейбір бөліктерді, іс-әрекетті толықтырып жазып алдын ала дайындық жүргізу.

Сценарийге жауаптының негізгі мақсаты - әрине, жүргізушілерге, актерлерге, залды бағыттауға, топтарды шақыруға және т.б. мәтіндерді

жазу, ал сіздің шоуыңыз болса – байқаулар, өзіңіз байқауларды құруды ұмытпаңыз.

Сондай-ақ, **қатысушыларды таңдауды** да ойластыру қажет. Оның кейбір тәсілдері бар.

1. Қатысушыларды топ ішінде таңдап алады. Мысалы, топшілік байқаудың жеңімпазы жалпылагерьлік байқаудың қатысушы болады. Бірақ одан да қарапайым тәсілі де болуы мүмкін. Топта шоуға қатысатын қанша бала, қанша қыз керектігі хабарланады. Күтілетін қатысушылардан сапаны анықтаған дұрыс (мысалы: әртістігі немесе ақшатырды құра алуы).

2. Шоу үдерісінде залдан қатысушылар таңдалынып алынады.

Тәсілдері:

- сахнаға қатысам деушілер шақырылады (бұл нұсқа көрермендер тарапынан не тым артық белсенділік танытатын, не танытпайтын: немесе ешкім де шықпайды, не халықтың тым көптілігімен қауіп-қатермен түйіндес);

- залдағы отыратын орындықтардың астына белгішелер жабыстырылады, бұл туралы сіздің хабарламағаныңызша ешкім де білмеуі керек. Қажет уақытта жүргізуші кейбір орындықтардың астында «бақытты билеттер» бар деп хабарлап, соның иелері сахнаға шақырылады.

Бұдан да көп тәсілдерді ойлап табуға болады. Мысалы: жасақтағы үздіктерді таңдау немесе залға кірер алдында барлығы билет алады, соның негізінде қатысушылар анықталады.

Шоудың нысанынан, тапсырмасынан байқау үдерісінде қатысушылардың қысқаруы болуы мүмкін. **Қысқартудың құрылымын** нақты ойластыру қажет: қандай тапсырмадан кейін қысқарту жүргізіледі және қаншаға қысқарады, оларды шығарып салуды қалай өткізуге болады.

Егер шоу үздікті таңдауды қажет етсе, онда қазылар алқасы болмайды. Кім қазылар алқасының мүшелері бола алады? Көрермендердің барлығы да қазылар алқасы бола алады. Бағалау нысандары: алдын ала көрермендерге үлестірілген түрлі-түсті карточкаларды көтеру арқылы дауыс беру, жасырын дауыс беру (көрермендерге бюллетендер үлестіріледі). Соңғы нысан көбінесе көрермендер көзайымы сыйлығының жеңімпазын анықтауға келеді. Шапалақ арқылы жеңімпазды анықтауға мүлдем болмайды. Көрермендердің бағалауында әділетсіздіктің болуы мүмкін, сондықтан оны шектеулі түрде қолданған дұрыс.

Негізгі бағалау функциясын классикалық түрде оны түсінетін қазылар алқасына тапсырған дұрыс. Қазылар алқасына кез келгені бола алды, бастысы оның ойын қатысушылар сыйласа болғаны.

Сонымен, біз ең жағымдыға – марапаттауға да жеттік. Шоудың бірде бір қатысушысы ескерілмей қалмайтындай, бағаланбаған және мойынданбаған сезімдерімен кетпестей етіп жасауымыз керек.

Реквизит.

Осы тарауға жауапты шоу барысында қажеттердің барлығын білуі керек: костюмдер, декорациялар, жарық түсіру және т.б. Іс-шара барысында бір нәрсе жетпей, барлығы бекер кетпестей болмауы керек, мысалы, маркерлердің немесе кейбір костюмдердің жетіспеушілігі.

Іс-шараның музыкалық безендірілуі.

Музыкалық сүйемелдеу сахнадағы іс-әрекетпен сәйкес болуы керек, басты кейіпкер жылап отырғанда көңілді музыканы қоюға болмайды.

Лагерьде ди-джей болғанның өзінде де шығармашыл топтың бір мүшесі онымен әрекеттесу жауапкершілігін өз мойнаны алғаны дұрыс. Осы тарауға жауаптының міндетіне ди-джейді қажет музыка, дайындықтың өткізу орны мен уақыты, шоу туралы ақпараттандыру, шоу барысында ди-джейдің жұмысын бақылау және оған көмектесу.

Дайындық (репетиция).

Кез келген іс-шара дайындықты қажет етеді. Осы тарауға жауапты адам дайындық жүргізу кестесін дайындау, қатысушыларға алдын ала мәтіндерін беру және дайындықты жүргізу орны мен уақытын айтуы керек, спектакль кезіндегі әртістердің сахнадағы орны (қатысушылардың сахнадағы жүріс-тұрысы) және т.б. ойластыруы қажет.

Келесі сәттерді ұмытпаған жөн: (сценарий әркімнің қолында болуы керек, алдымен кейбір сахналық қойылымдарды дайындаймыз, сосын ғана барлығын бір суретке біріктіреміз, музыкалық сүйемелдеуді сахнадағы іс-әрекетпен бірге дайындаймыз, сахнада қатысушылар бір-бірін жаппағаны дұрыс, жақсы жарықпен қамтылған, бір-біріне қарамай, залға тура қарап қатты дауыстап сөйлегендері өте маңызды).

Жарнама.

Біздің шоу басқа шоулар секілді жарнаманы талап етеді. Ол үшін лагерьдің барлық мүмкіндіктерін қолданған жөн, лагерьдегі радио арқылы хабарлама беру, жалпылагерьлік жиналыста құлақтандыру (мысалы, би кешінде және т.б.), жасақта хабарлау, жарнамалық плакаттарды ілу және т.с.с. Бастысы – қызықтыру.

Енді шығармашыл топтың әр мүшесі өзінің неге жауапты екенін білген кезде дайындық толыққанды жүре бастайды. Әр жұмыста нақты іс-шараны ұйымдастыру мен оның ойластырылған құрылымы маңызды рөл ойнайды және біз шоуы дайындау барысында іс-әрекеттердің кезегін анықтадық.

Шоу-іс-шарасының (іс-шара барысының) құрылымы

1. Залды реттеу.

Залға қатысушылар кірмес бұрын реттеу жүргізіледі. Кіре берісінде оларды алдын ала дайындалған безендірулер күтіп тұрады (сәлемдесу-плакаттары, шоуға арнайы дайындалған кіре берістегі костюм киген адамдар, олар қатысушыларға барлығын біріктіруге әрекеттесетін қандай да бір киімнің элементтерін береді). Әрі қарай бүгін не болады, жиналғандардың мақсаты қысқа баяндалады. Осы уақытта залда музыка ойнап тұрады (көңілді не мұңды, іс-шараға байланысты), сахна декорациялармен безендірілген.

Іс-әрекеттің алдында тыныштық орнау үшін, ал көрермендер белсенділік танытып, барлық назарларын жүргізушілерге аудару үшін залды реттеудегі белсенді техниканы қолдану қажет:

- ырғақты қайтара ұру ойындары;
- мәтіні мен қозғалысы қайталынатын ойындар;
- музыкалық сүйемелдеумен қолданылатын ойындар;
- саналы түрде шапалақпен атыстыру ойындары.

2. Шығармашылықпен басталуы: көрермендердің белсенділігін ынталандыру және шиеленісті тудыру.

Шиеленіс типтері: кеңістікті ауыстыру, түстік, музыкалық, театрлық үзілістер, аңыздар.

Қызыл сызықты анықтаймыз – сахнада болып жатқанның барлығын байланыстыратын іс-шараның негізі тақырыбы. Осы қызыл сызық іс-шараның барлық кезеңдерінен өткені өте маңызды, барлық байқаулар бір сюжетке біріккен болуы керек.

Шығармашыл бастауға міндет қойылады, ол бір ерекше нәтижеге әкелуі керек.

3. Барлық қатысушыларды жұмылдыратын іс-әрекет. Байқау бағдарламасы, сахналық қойылымы, жасақтардың қойылымдары және т.б.

4. Көрермендермен жұмыс.

Қалған қатысушылармен негізгі тапсырмаларды орындау арасында үзілістерді толтыру үшін залмен ойнайтын байқауларды қосу қажет.

5. Іс-шараның логикалық тұрғыдан аяқталу ерекшеліктері.

Сахнада хабарланған мақсатқа жету іс-шараның аяқталу логикасы. Сюжет жүргізушілердің барлығы өз мәресіне жетті, біз қажет нәтижеге жеттік деген сөздерімен аяқталады, мысалы, «Күн қаласының кілтін» таптық немесе «Спорт әлеміне кіретін есікті» таптық.

6. «Майлы» эмоционалдық нүкте.

Әрине, барлық іс-шараның эмоционалдық нүктесін ойластыру қажет. Ол қандай болады? Ашық (қызықты), шоудың логикасына сәйкес, лирикалық, жұмбақталған...

Шоуды құрастыратын маңызды екі кезеңге жеке тоқталғымыз келеді:

Сахнада өзін ұстау ережелері:

- жоғарғы эмоциялық көңіл-күй (ол залдағылардан да жоғары болуы керек);

- сөйлеу мәнері нақты және қатты шығуы керек;

- сөйлеу мәнерінің эмоционалдылығы;

- ашық кейпі;

- қозғалыстың үлкен амплитудасы;

- бір-бірлеріңізді жаппаңыздар;

- көрермендердің бастарынан жоғары сөйлеу;

- залмен көз жанары арқылы әрекеттесу;

- баламалы және еркін бет қимылы мен пластикасы.

Сыртқы келбеті, кейіпкерлердің костюмдері:

- костюмдердің тазалығы, ұқыптылығы;

- образға костюмдердің сәйкестігі;

- костюм дұрыс отыруы керек;

- костюмдер «толық» болуы мүмкін, костюмнің кейбір бөліктері болуы да мүмкін, ең бастысы оны таз танитын және асыра айтатындай болуы.

Қолданылған әдебиеттер

1. М.Б. Белгібаева, Н.А. Дёмина. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік материалдарын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. - Алматы, 2011.
2. С.П. Афанасьев, С.В. Коморин. Жүз жасақтық жұмыстар. Кострома, 2000.
3. Л.В. Байбародова, М.И. Рожков. Қала сыртындағы балалар лагеріндегі тәрбиелік жұмыс. Ярославль, 2003.
4. В.Н. Варакин. Балалардың бос уақыт қызметін және демалысын ұйымдастыру. М., 2006.
5. Л.В. Воронкова. Жасақта тәрбиелік жұмысты қалай ұйымдастыруға болады. М., 2007.
6. Ю.Н. Григоренко, М.А. Пушина. Сәлем, біздің лагерь! М., 2004.
7. И.Н. Жуков. Ойын және балалар қозғалысы. М., 1992.
8. Өзімен бірге алып жүру өнері. Жасөспірімдердің бойында әлеуметтік бастамалар мен көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру бойынша тренингтер мен тапсырмалар. О.С. Газманның редакция басқаруымен. М., 2008.
9. Каникулдар: ойын, тәрбие. О.С. Газманның редакция басқаруымен. М, 1988.
10. Жазғы сауықтыру лагері. Бұқаралық іс-шаралар. Волгоград, 2005.
11. С.И. Лобачева. Жазғы лагерьде бос уақытты қамту, шығармашылық және ойын іс-шараларын ұйымдастыру. М., 2007.
12. Жазғы демалысты ұйымдастырушыларға. Әдістемелік материалдардың жинағы. №2 басылым. Пенза, 2004.
13. Шығармашылық жаз. Әдістемелік материалдардың жинағы. М., 2007.
14. С.В. Тетерский, И.И. Фришман. Балалар сауықтыру лагері: тәрбие, оқыту, дамыту. М., 2007.
15. М.Е. Сысоева «Сауықтыру лагеріндегі тәрбиеші, тәлімгер әліппесі», М, 1999.
16. Жазғы айналым шеңбері. Сауықтыру лагерьлеріндегі балалармен жұмыс жасау бойынша әдістемелік нұсқау. – Тамбов, 2002.
17. Балалар лагеріндегі педагогтердің жұмысын ұйымдастыру. Организация работы педагогов детского лагеря. Оқу-әдістемелік құрал. – «Артек» Халықаралық балалар орталығы. 2004.
18. Балалар сауықтыру лагеріндегі шығармашылық. Тәрбиешілер мен педагогтерге арналған кітап / Құрастырушы-авторлары: А.Г. Трушкин, П.П. Пивненко, В.В. Абраухов, Н.П. Овсянникова, А.И. Белоусов. – Ростов н/Д: «Феникс», 2002.

19. М.Е. Вайндорф-Сысоева. Тәлімгерлік шеберліктің негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. - М.: ЦГЛ, 2005.

20. Ю.Н. Григоренко, У.Ю. Кострцова. Кипарис-2. Мектептер мен балалар сауықтыру лагерьлерінде балалардың бос уақытын қамту бойынша оқу құралы. – М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2000.

Топ бұрышын безендірудегі ұсынымдар

Топ (жасақ) бұрышы – бұл жасақтың өмір қызметін көрсететін, жасақ пен стендтің ылғи жұмыс жасайтын орны. Мұнда жасақтың жетістіктері мен жеңістері, олардың қиялдары, өнертапқыштары, шеберліктері ылғи ұсынылады, бұл шығармашыл, ылғи да жұмыс жасайтын өзгешелігі бар газет.

Жасақ бұрышы мынаған үндеу салады:

- балалардың белсенділігін дамыту;
- білімді жан-жақты кеңейту;
- жақсы талғамға тәрбиелеуге көмектесу;
- безендіру мәдениетін үйрету;
- өз ұжымының өміріне деген қызығушылықты ояту.

Жасақ бұрышы – бұл Сіздің және балалардың шығармашылығы, осыған қарамастан Сізге көмектесетін кейбір кеңестерді бергіміз келеді:

а) бұрын «сөйлейтін» болуы керек, оның мазмұны мен тараулары өзгеріп отыруы қажет;

б) бұрыш жасақ өмірінің әр түрлі тұстарын көрсетуі қажет (өзіне-өзі қызмет көрсету, спорт, лагерь өміріне қатысу, марапаттары, туған күндері, келешегі);

в) балалар бұрышты безендіруде және тарауларының мазмұнын жаңартуға ат салысуы қажет.

Бұрышпен жұмыс барысында 3 кезенді көрсетуге болады:

- ұйымдастыру кезеңінде балалардың лагерьге келуі;
- негізгі кезең;
- ауысымның қорытынды кезеңі.

Жаңа балалардың келетін күні бұрыштағы барлық тараулар алынады. Және уақытша жаңа тараулар (тек ұйымдастыру кезеңіне қажетті) безендіріледі:

а) «Бұл біздің бейінді лагерьіміз» (лагерь туралы қысқа да нұсқа мәліметтер);

б) келген күнмен құттықтау;

в) лагерьдің заңдылықтары;

г) лагерьдің мекенжайы;

д) алдыңғы ауысымдағы балалардың аманаты;

е) алғашқы әндер, лагерьлік ән;

ж) бір күнге арналған жоспар және тәрбиешінің қалауы бойынша басқа да тараулар.

Ұйымдастыру кезеңінде бұрышты үздік безендіру бойынша байқау өткізуге болады. Шығармашыл топ үздік ұсыныстарды

жинақтайды, талқылайды және өз жасағының мазмұн идеясын аша отырып жаңа қойылған ат пен ұранға сәйкес бұрыштың макетін жасайды.

Ауысымның негізгі кезеңінде жасақтың күнделікті қызметі көрсетіледі:

- жарыстар;
- топтың және жасақтың жұмыстарына, мерекелерге дайындық;
- шығармашылық байқауларға қатысу;
- жасақтың кезекшілігіне дайындалу, жасақтың кезекшілігі;
- жасақ өмірі;
- балаларды ынталандыру.

Ауысымның қорытынды кезеңінде «Біз қалай өмір сүрдік» тарауы суреттермен немесе өткен күндер туралы балалардың ойлары ұсынылуы мүмкін. Көптеген тәрбиешілер жасақ бұрышының қасына «Соңында мен айтамын» жазуы бар бір ватман парағын іледі, ал балалар сол паракқа қоштасу кезінде бір-біріне және лагерьге тілектерін жазады.

ЖАСАҚТЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Әр жасақтың өзіндік дәстүрі болуы қажет. Мұнда біз ең танымал және қызықты кейбір жасақтың заңдарын біріктірдік. Сіздің жасағыңыздың жаңа заңдары пайда болады деген сенімдеміз. Жоқ болған жағдайда осыларды қолдану ұсынылады.

Балаларға қатты ұнайды:

1. _____.
2. _____.
3. Тәрбиешілерді таңғы ұйқыдан тұрғанда оятпа, өрт болған жағдайда ең бірінші шығар.
4. Екі тәрбиешінің соңынан қуаласаң – біреуін де ұстай алмайсын.
5. Асықсаң, жасақтың барлығын күлдіресің.
6. Егер тәрбиешісіз лагерьдің территориясынан шығатын болсаң, шабаданды ала шық.
7. Тәрбиеші – барлығына бас-көз.
8. Көрсен, естісең – есте сақта, баянда!
9. Ас ішуге шақырса - бар, шақырмаса - сұра, бұл ұят емес.
10. Ас ішкің келсе – тығырықтан шыға біл.
11. Өзің ішіп болсаң – басқаға да көмектес.
12. Егер сен 5 уақыттық асты алмасаң, онда саған Жолы болмаш құс келіп кетті.
13. Бесінші асты төсегіңнен тұрмай тексер.
14. «Ұйқыға жату» командасынан кейін түнгі уақыт келеді.
15. Қорылдама!

16. Таң атқаннан кеш батқанша дейін сендермен тәрбиешілер, ал түнгі уақытта сендермен ТІСТОТЫҒЫ айналысама?

17. Душқа кірер алдында секундтар туралы жоғарыдан ойлама...

